



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ

JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ЖАСТАР АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады

№26

(910)

8 шілде

2022 жыл

6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ



Еңсесі биік Елорда

АЙҚАЙ-ШУ

«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫН» АЛАЛАҒАН КІМ?!

Биыл «Алматы жастары» жеңілдетілген несие беру бағдарламасынан ши шықты. Осы аптада пәтер алуға өтініш бергендердің тізімі жарияланды. Алайда сол кестеден көпшілік өз аты-жөндерін таба алмай сенделді. Өйткені 0 ұпай жинағандар іріктеуден өтіп, 20-30 балл алғандар тізімге ілікпей қалыпты.



(Жалғасы 3-бетте)

БІЗДІҢ СҰХБАТ

Алматының «Қайрат» футбол клубының қақпасын бір мүшел уақыт, яғни 12 жыл табанды түрде қорғаған Құралбек Ордабаевты бұл күнде іздесеңіз, табанының ізі сайрап жатқан Орталық стадионнан табасыз. Балақ бауының бір ұшы жүрегіне ұя салған «Қайрат» клубына әлі де байлаулы.

Кәсіби футболшы ретінде алматылық «Қайраттың» қатарында 200-ге жетеғабыл ойын өткізіп, 11 метрлік айып добын тойтарудың талантына айналған қақпашы. Тіпті «Алтын допты» алған, кезінде КСРО құрамасының қарқарадай ойыншысы атанған Олег Блохиннің өзі Ордабаев қорыған қақпаға гол соға алмай, пұшайман күйге түскенін жария түрде мойындаған да. Бұл жайында аңызға бергісіз әңгіме одаққа тарайтын баспа беттеріне таудың таңқурайындай төгіліп түскенде жетпісінші жылдардың жастары жұтына оқыған болатын.

Газетіміздің оқырмандарына Құралбек аға Ордабаевты сөйлетіп сұхбат алмаққа межелі жерге ертерек бардық, ал ол кісі бізден бұрын келіп алыпты. Уақыттың қадірін білетін жандар ғой.

Құралбек ОРДАБАЕВ,
даңқты футболшы:

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАҒА НАМЫС КЕРЕК



Jas qazaq:
Құралбек аға, қазір қайда жүрсіз деген сұрағымызға жауапты кездескен орнымыздан ұққандаймыз. Өзіңіздің ұяңыз саналатын Алматының «Орталық стадионында» еңбек етіп келесіз.

Құралбек Ордабаев:
«Орталық стадионда» мені жарты ғасырдан астам өмірім өтіп келеді екен. 1970 жылы Алматының «Қайрат» клубына шақырту алып, 1971 жылғы маусымнан бастап 12 жыл табан

аудармай және ешбір қақпашы алмастырусыз «Қайраттың» қақпасын қорғадым. Осы күнде де клубтың бұқаралық спорт бағыты бойынша басшылық қызметтемін. Еліміздің бірнеше ірі қаласынан бұқаралық спортты дамыту бағытында игілікті істерді жүзеге асырып, орталықтар ашып жатырмыз. Жуырда Түркістан қаласында сондай орталық еңсе көтереді. Мұндағы мақсатымыз — еліміздің әр аймағындағы, шалғай шеттегі ауылдарда жүрген таланттарды тауып, футболға баулу. Келешекте сол балалар маңдайы жарқырап, жұлдызы жанып «Қайраттың», я болмаса басқа да клубтардың қатарында өздерін дәлелдеп, ұлттық құрамаға шақырту алса, ел үмітін ақтайтын футболшы атанса деген максатқа ұйып жұмыс істеп жүріп жатырмыз.

Jas qazaq: Атам қазақтың «доп ойнаған тозар» деген ұстанымына қалай қарайсыз, жалпы біз білетін Құралбек Ордабаев 1969 жылы Шымкенттегі халық шаруашылығы институтының кешкі бөліміне оқуға түсті. Ала допка алабөтен қызықпағаныңызда Ордабаевты басқа саладан көруіміз мүмкін еді ғой.

(Жалғасы 5-бетте)

ЖОРАЛҒЫ

ШАЛҒАН ҚҰРБАН ҚАБЫЛ БОЛСЫН!



«Алла тағала елімізге амандық, жұртымызға тыныштық бергей. Ізгі ниетпен шалатын құрбандығымыз, қажылық сапарында жүрген жерлестеріміздің қажылығы қабыл болғай»

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ



БИРЖАМЕТР

МҮНАЙ (brent)
102,81

DOLLAR
476

EURO
487

РУБЛЬ
7



ҮКІМЕТ

6 шілде – Елорда күні, мерекелік демалыс. Соған қарамастан, Үкімет басшысы Әлихан Смайылов жауапты тұлғаларды жинап, Каспий консорциумы төңірегінде қалыптасқан жайсыз жағдайды талқылады. Мұнай экспортының шектелуі қазынаға салмақ салатынын мәлімдеп, тығырықтан шығуға бағытталған нақты тапсырма берді. Бұл атқарушы биліктің өлемде қалыптасқан қазіргі геосаяси ахуалға орай жайбарақаттыққа салынбай, ырғалып-жырғалып жүрмей, дер кезінде шешім қабылдай алатынын көрсетіп отыр. Соның нәтижесі шығар, ертеңіне энергетика министрлігі Қазақ мұнайының аталған құбыр желісі арқылы қалыпты жүйемен жөнелтіліп жатқанын хабарлады.

орнын басуы тиіс деп есептейді. Өйткені аталған жобаның мерзімі аяқталғанда әлі 35 мың пәтерге сұраныс орындалмай қалатын көрінеді. Жаңа жобаның шарттары мынадай: 20 пайыздық бастапқы жарна міндет. Несиені жиырма жылға дейінгі мерзімге рәсімдеуге болады. Банк беретін қаржының мөлшері – 35 миллион теңге. Ең бастысы, алушы қарызды өтеуге қауқарлы екенін көрсетуі тиіс. Ал несие үстемесінің бір бөлігіне мемлекет субсидия береді. Бұған түсініктеме берген «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ Баскарма төрағасы Қанат Шарлапаев: «Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесі деңгейінен бес пайыздан аспайтын ипотека бойынша сыйақы мөлшерлемесі жеті пайыз көлемінде субсидияланады», — дейді. Атқарушы биліктің осы аптада өткен отырысында мүмкіндігі шектеулі жандардың күнкөріс жағдайын жақсарту жайы да талқыланды.

Ә.Смайылов мемлекет тарапынан мүгедектерге үнемі қолдау көрсетілетінін атап өтті. Тиісті заңнамалық түзетулер

емдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бұған қоса, өңірлерде мүгедектігі бар адамдарға арналған 12 сауықтыру орталығын салу жұмыстары жүруде. Бұл әлеуметтік қорғау жүйесінде қосымша 25 мың адамды емдік-сауықтыру шараларымен қамтуға мүмкіндік береді.

Премьер-Министр тиісті мекемелерге бірқатар тапсырма беріп, мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдап-демеудің кешенді шараларын іске асыруды жалғастыру қажет екенін мәлімдеді. Бұл ретте, біріншіден, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау және цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктерімен бірге сырттай куәландыруды енгізу үшін акпараттық жүйелерді интеграциялау және Әлеуметтік қызметтер порталын жетілдіру жұмысы жалғасуы тиіс. Екіншіден, өңір әкімдіктері жыл соңына дейін мұқтаж адамдарды техникалық құралдармен және сауықтыру қызметімен қамту көрсеткішін 90 пайызға және 2023 жылдың соңына қарай

УАҚЫТ ЫРҒАЛЫП-ЖЫРҒАЛУДЫ КҮТПЕЙДІ

«Өз үйім — өлең төсегім» дейтін баспанамен қамту да мыңдаған жанды, әсіресе, жас отбасыларды толғандырған көкейкесті міндет. Әділін айтқан абзал, көптеген азаматтар тұрғын үй саласындағы бірқатар мемлекеттік бағдарламалар мен зейнетақы қорындағы артық ақшасын пайдалану арқылы үйлі болды. Дегенмен демографиялық өсім, урбанизация сияқты факторлар баспанаға деген сұраныстың арта беретінін қаперге салады. Содан болар, Үкіметтің бұл жетідегі отырысы тұрғын үй саясатындағы жаңа тәсілдерді іске асыруға арналды.

Премьер-Министр индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі мен мүдделі мемлекеттік мекемелерге тиісті тапсырма берді. Атап айтқанда, тұрғын үй саясатындағы жаңа әрі онтайлы тәсілдер бойынша заң жобасының барлық ережелерін Парламентпен сапалы әрі жедел пысықтау қажет. Сонымен қатар, керекті дереккорды жинақтап, осы саладағы барлық ақпараттық жүйелерді іске қосуды аяқтау да кезекті міндеттің бірі. Бұған қоса, баспанаға мұқтаж жандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында тұрғын үй және инженерлік инфрақұрылымның жоспарланған көлемін уакытылы іске қосу үшін шаралар қабылдануы тиіс.

Мұны жаңа ипотекалық жоба деуге де болады. Мамандар оны келер жылы аяқталатын «7-20-25» бағдарламасының



қабылданып, мүмкіндігі шектеулі жандар мен олардың отбасы табысын молайту, өмір сүру сапасын жақсарту бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Үкімет басшысы осыған орай: «Мемлекет басшысы мүгедектікті белгілеу рәсімін жеңілдетуді тапсырды. Биылғы жылдың басынан бері мүгедектікті сырттай белгілеудің пилоттық жобасы бүкіл республика бойынша кеңейтілді», — деп атап көрсетті.

Әлеуметтік қызмет порталының арқасында техникалық құрал мен емдік-сауықтыру қызметін пайдалану мерзімі 8 айдан 30 күнге дейін қысқарды. Биылғы жылдың соңына дейін 17 ерте оналту-араласу орталығы ашылады. Олар жаңа туған нәрестенің бойындағы кеселді (*патология*) дер кезінде анықтауға және

100 пайызға жеткізуі керек. Үкімет басшысы осыған орай, «Мүгедектігі бар адамдарды күндіз қабылдайтын бөлімшелер желісін кеңейтіп, әлеуметтік қызмет көрсететін шағын үйлер құру қажет» — делі.

Тағы бір міндет — денсаулық сақтау министрлігі әкімдіктермен бірге наукастарды ертерек диагностикалауға және мүгедектіктің алдын алу үшін ерте оналтуға айрықша назар аудару.

Премьер-Министр барлық мүдделі мемлекеттік органдарға әкімдіктермен бірлесіп, мүгедектігі бар адамдар үшін бейімдеу және қолжетімді ортаны қалыптастырудың Ұлттық бірінғай стандартын әзірлеуді тапсырды.

Талап ТІЛЕГЕН

Ералы ТОҒЖАНОВ,

Премьер-Министрдің орынбасары:

«Қазір дүниежүзінде 130-дан аса мемлекетте коронавирустың өсуі байқалуда. Оның ішінде коронавирус 100 пайыз, тіпті 235 пайыз артқан елдер де бар. Сондықтан біз осыны ескеруге міндеттіміз. Қазақстан бөлек жатқан ел емес, қалған елдермен қарым-қатынастамыз. Сондықтан елді сақтауымыз керек.

Қазір Алматы қаласы ғана «сары» аймаққа өтті, қалған өңірлердің бәрі «жасыл» аймақта. Бірақ шараларды алдын ала қабылдап жатырмыз. «Қызыл» аймаққа өтсек, ондағы талаптарды жақсы білесіздер. Ал оған дейін өзіміз де бетпердемен тұрмыз, бұл аурудың алдын алу үшін халыққа берілген ұсыным. Мұны халық дұрыс қабылдайды деп ойлаймыз».



Ажар ҒИНИЯТ, денсаулық сақтау министрі:

«Алматы, Нұр-Сұлтан қаласындағы вирус жұқтырған адамдардың эпидемиологиялық анамнезін қарағанда, 5 пайызы ғана шетелден келген немесе шетелдегі адамдармен қарым-қатынаста болғаны айқындалды. Сондықтан бүгінгі таңда бұл ауру ел ішінде таралып отырғаны белгілі болды. Сол себепті өзiрге шетелден ПТР теспен кiргiзу талабын қарастырып жатқан жоқпыз».

Кесте

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ХАЛЫҚ САНЫ (2022 жыл)



БАРЛЫҒЫ	19 122 423	
Қазақ	13 306 445	69,03%
Орыс	3 429 747	18,47%
Өзбек	637 880	3,29%
Ұйғыр	283 102	1,50%
Украин	247 434	1,30%
Татар	197 489	1,06%
Неміс	171 922	0,92%
Әзірбайжан	116 670	0,61%
Түрік	116 218	0,61%
Керіс	107 569	0,57%
Дүнген	78 199	0,40%
Тәжік	53 359	0,27%
Белорус	50 493	0,26%
Кұрд	48 642	0,25%
Шешен	33 836	0,18%
Поляк	28 484	0,15%
Башқұрт	16 485	0,09%
Басқалары	198 489	1,04%

Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы

Әлеумет.т⁰



НЕ ДЕГЕН АҚША!

Ку тіршілік-ай десенші. Отағасының айлығы жетпеген соң Әлима бір жағынан септесейін деп бауырсақ, самса пісіруді қолға алған. Оны қаладағы бір таныс келіншекке апарып өткізеді. Бір кило бауырсақ пен әр самсаның белгіленген бағасы бар. Мейрам қарсанында тапсырыс тіпті көбейеді. Осы күннің қыз-қырқыны үйінде ештеңе пісірмейтін қалған ба, қонақ шақырса да «тәте, дәу бауырсақ пісіріп беріңізші», «ұсақ бауырсақ пісіріп беріңізші» деп қылкыип келеді де тұрады. Оған Әлима қуанбаса, ренжімейді. Тенгелеп болса да, әйтеуір, табыс қой. Күнделікті шай-пайын ажыратқанына мәз. Бірақ күнде ыстық пештің қасында тікелен-тік тұрып бауырсақ пісіру оңай ма? 300-400 самса (*кейде одан да көп*) жасайтын күндерді айтсашы, кешке қарай мойны қақайып, белден бел қалмайды. Осы кәсібін сүйретіп келе жатқанына бес жылдан асыпты. Шаршайды, жалығалды. Бірақ, амал жоқ, «тағы бір күн, екі күн, қамытынды сүйрей бер» деп Скарлет О'Хара туралы кітаптағыдай өзін-өзі қамшылап қояды.

Арасында дамылдап алу үшін телефонға шұқшиып жаналық оқиды. Өткенде «Алматы әкімдігі пәлен деген әрістердің концертін өткізуге 220 миллион теңге қаржы бөліпті» дегенді оқып шегін бір тартып қалды. 220 миллион тұрмақ, 200 мың теңгені тұтас қолына ұстап көрмеген Әлима «Не деген ақша!» деп тандайын тақ еткізді.

«Ғайыптан-ғайып, 200 демей-ақ қойын, біреу 20 миллион әкеліп берсе, қайда жұмсар едім» деп құлагер қиялы кетті дейсің шарықтап. Күнкөрістің қамымен қалада жұмыс істейтін қызына үй әперер еді-ау. Жүргенінен тұрғаны көп ескі мәшинені жанартар ма еді. Ибай, қазір үй де қымбат, мәшине де қымбат, оның бәріне 20 миллион жетпейді екен-ау. Құлды біреу 20 миллионды әкеп бергендей азынып қалады. «Ақымақ басым, жас кезде тәп-тәуір дауысым бар еді, неге әнші болмадым екен деп өзіне-өзі кейіп, сонымен тыныш тапты. «Әншілік менің не теңім» деп қайтадан нан илеуге кіріскен.

Жексенбі күні таңғы шайын енді аузына ала беріп еді, демалысқа келіп жатқан студент баласы «Мә-ә, пәленше деген блогер 50 миллион теңге бопсалап, ұсталыпты» деп... шайға шашалтты. Басқа жаналық құрып қалғандай, осы жүгермектің оқымайтын бөлесі жоқ. Неғылған 50 миллион ол? Шәй қалды жайына. Өткенде ғана онтүстік өңірде бір блогер жыртылған ту үшін шенеуніктердің екі аяғын бір етікке тығып, 500 мың теңге бопсалағанын оқып еді. Бұл блогер дегеннің араны жыл емес, күн санап ашылып бара ма?

«50 миллион теңге табу үшін неше кило бауырсақ пен самса пісіріум керек әй» деп баласына есептетіп көріп еді, есептің ұшығына жете алмай болдырып қалды. Жылтына мына кәсібінен бір миллион да таппайды екен. Тіпті бір миллион деп есептегеннің өзінде 50 жыл керек. Мұнын жасы 60-қа келіп қалды. Сонда 110 жасқа жеткенше қалт-құлт етіп самса пісіре ме?

Содан «Не деген ақша!» деп бар өшін қамырдан алды.

Ақша демекші, осы жұрт қаржы пирамидасына өз қолымен апарып беретін ақшаны қайдан алады екен? Былтыр атын өшкір «Гарант24 Ломбардқа» салған 30 миллиард теңге де сол өз сияқты жұмыр басты пенделерлікі емес пе? Көшенің басында тұратын Мәриям деген келіншек «бір туысым 2 миллион салыпты, маған қарызға бермей қойып еді» деп кіжініп еді. Сол кезде «Менде 2 миллион болса, еселеп алайын деп салар ма едім» деп ойланып қалған.

300 самсаны алып, автобуста кетіп бара жатып ойлады: «Аш құлактан, тыныш құлак. Блогер болып 50 миллионмен ұсталсам, қайтер едім?».

«Не деген ақша!» деп тандайын тақ еткізді.

Гүлнар АХМЕТОВА

Аптаның айтары

Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, оқу-ағарту министрі:

«Мектепте бар бос орынды көп директор жасырады. Оны біз жақсы білеміз. Тарификация жасағанда орын бар деп көрсетеді. Алайда заң бекіткендей, жұмыспен қамту органдарында көрсетпейді. Қыркүйек айында «бізге адам келген жоқ, мұғалім тапқан жоқпыз» деп, бар сағатты ішіндегі мұғалімдерге бөліп бересіздер. Жүктемесін ұсақтатып, бір ставканы 4-5 адамға бөліп отырғандар бар. Қазақ тілі, математика пәні болсын, 16 сағатты 5 адамға қалай бөліп беруге болады? Бір сыныпта математикадан 1 емес, 3 мұғалім сабақ бере ме? Осындай деректер көздессе, біз жауапкершілікке тартамыз. Мақсат – білімді, білікті педагогтерді ашық конкурс арқылы жұмысқа алу».



Айқай-шу

(Басы 1-бетте)

Үш жыл бұрын іске қосылған қалалық бағдарламаға биыл 11 мыңнан астам азамат өтінім беріпті. Олар медицина, білім беру, мәдениет, спорт, әлеуметтік сала, құқық қорғау және БАҚ саласы бойынша бірнеше санатқа бөлінген. Солардың ішінде ең көп ұпай жинаған мың (1000) азамат 18 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несие алып, пәтер сатып алады. Бағдарламаға қатысушылардың ұпайы (балл) былай есептелді.

Өтініш берушілердің тізімі балдық жүйені ескере отырып, санаттар (салалар) бойынша қалыптастырылады (балдардың ең көп саны бойынша):

ӨЛШЕМДЕР	БАЛЛ
Тіркелген некедегі әрбір жыл үшін	1
1 (бір) бала болған жағдайда	1
Осы санаттағы (саладағы) өтілінің әрбір жылы үшін	2
ХӘЖОТ қатарына жататыны үшін	5

* ХӘЖОТ — ҚР «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 68-бабына сәйкес халықтың әлеуметтік жағынан осал топтары



«АЛМАТЫ ЖАСТАРЫН» АЛАЛАҒАН КІМ?!

Бірақ жоғары ұпай жинағандар жер сипап қалды. Есесіне, ешқандай балл жинамағандар (0 балл) келесі кезенге өтіп кеткен. Бір ғана журналистика саласы бойынша 0 балл алған үш азамат төлем қабілетін растауға жолдама алыпты.

МҰНЫҢ СЕБЕБІ БЫЛАЙ:



Құжат тапсыру кезінде пәтер алуға мүмкіндігі көптердің (балы жоғарылар) ұпайы ұрланған. Бірынғай электронды порталға салынған құжаттар өздігінен жоғалды. Біреудің неке туралы куәлігі, екіншісінің зейнетақы түсімдері туралы анықтамасы электронды порталдан ғайып болған. Оны қайтадан өткізуге, сайтқа енгізуге еш мүмкіндік болмапты. Құжат қабылдайтын электронды порталдағы

деректерді түзету батырмасы жұмыс істемеген. Ал кейбір өтініш берушілердің мамандықтары қасақана өзгертілген. Мәселен, дәрігерлер журналистердің, мұғалімдер спортшылардың санатында жүр. Осындай кибершабуылға ұшырағандардың барлығына пәтер алуға жолдама берілген жоқ. Барлығына «құжаттардың дұрыс болмауы себеп» деген бірізді жауап келген.

БҰЛАЙ ІСТЕУ КІМГЕ КЕРЕК?

Естуімізше, «Алматы жастары» бірнеше жылдан бері бизнеске айналып кеткен. Осы бағдарламаның басы-қасында жүргендердің мұртын майласаң, іріктеуден іркілмей өтуге болады деген қауесет ел арасында гулеп тұр. Тіпті бағалары да (ставка) белгілі. 500 мың теңге берсен, жеңілдетілген несиemen пәтер алып береді деген жазбалар әлеуметтік желілерде желдей есуде. Сол пысықайлар тамыр-таныссыз пәтер алуға мүмкіндігі жоғарыларды әдейі аяқтан шалып, құжаттарын жоғалтып, мамандықтарын өзгертіп, әлгі 0 балл алғандарды тізімге енгізіп жатыр ма деген ойға қаласын.

Өйткені биыл БАҚ саласы бойынша барлығы 187 адам «Алматы жастары» бағдарламасына қатысуға өтініш берген. Соның тек 33-і іріктеуден өтіпті. Қалған 154 адам өз аты-жөндерін тізімнен таба алмаған. Көпшілігінің ұпайлары жоғары. Бірақ жоғарыда айтқандай, «құжаттарын толық емес, мамандықтарын сәйкес келмейді» деген сылтаумен келесі кезеңге өте алмаған. Есесіне, пәтер алуға жолдама берілгендер тізімінде 5 балдан төмен жинаған 13 үміткер жүр. Солардың ішіндегі үш өтініш берушіде мүлде ұпай жоқ, яғни 0 балл жинаған (0 балл деген еңбек өтілі жоқ, жұмысқа ресми тұрғанына бір жыл болмаған, бала-шағасы мен отбасы жоқтар). Бірақ олардың қалайша іріктеуден өткенін Алматы қаласының әкімдігі түсіндіріп бере алмады. Ал Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы құжаттардың электронды порталдан жоғалуына қатысты былай пікір білдірді:

«Алматы жастары» бағдарламасы аясында құжат қабылдаудың барлық мерзімінде қатысушыларда өз тапсырған құжаттарын өңдеуге, қосымша құжат салуға немесе ауыстыруға мүмкіндіктері болды. Қатысушылардың құжаттарын тексеруге өтініштер тапсырылып біткенге дейін мерзімде басқарма мамандарында сайтқа кіру мүмкіндігі шектелген. Қасақана құжаттар жоғалып кетуі мүмкін емес. Себебі басқарма мамандарында сайтқа құжат қабылдау мерзімі біткен соң, бүкіл тапсырған құжаттар жүктеліп, бағдарлама талаптарына сәйкестігі тексеруден өтеді. Барлық туындаған сұрақтар бойынша басқармаға келіп тиісті жауап алуға болады.

Қазір «Алматы жастарына» өтпей қалған 100 шақты азамат уатсаптан арнайы топ құрып, бірігіп жатыр екен. Барлығы да құжатымыз жоғалды, іріктеу әділ өтпеді деп есептейді. Сондықтан олар құзырлы орындарға шағым жазбақшы.

Диас НҰРАҚЫН,
медиа сарапшы

Әуе тасымалы

Екі жылға созылған пандемиядан кейін еліміздің ішкі және халықаралық әуе нарығы толығымен қалпына келді. Бүгінде отандық 5 әуе тасымалдаушы 57 бағыт бойынша аптасына 600 рейс орындайды. 27 мемлекетпен әуе байланысы орнаған. Апта сайын халықаралық бағытта 476 рейс жүзеге асырылады. Ағымдағы жылдың бес айында ел ішіндегі әуежайлар 6,8 млн жолаушыға қызмет көрсетті.

ҰШАҚТАР НЕГЕ КЕШІГЕДІ?

Әуе тасымалының ұлғаюымен қоса, соңғы кезде рейстердің кешігуі де жиіледі. Осыған орай индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі жуырда брифинг өткізді. Жиынға отандық әуе компанияларының өкілдері де қатысып, өз уәждерін ортаға салды.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің азаматтық авиация комитеті төрағасының орынбасары Салтанат Томпиеваның айтуынша, рейстердің кешіктірілуіне негізінен ұшақтың техникалық ақауы, ауа райының қолайсыздығы себеп. Кейде әуе компанияларының, әуежайлар, әуе көлігін басқару жүйесінің, сондай-ақ жолаушылардың кінәсінен де осындай олқылық орын алады. Жиында сөз алған Air Astana компаниясының жердегі қызмет көрсету жөніндегі вице-президенті Александр Небога мынадай түсініктеме берді:

«Ұшу уақытының шегерілуі ең алдымен әуе компаниясы үшін тиімсіз. Бұл орайда екі себепті атап көрсеткім келеді. Бірі — жаһандық, екіншісі — жергілікті. Жаһанда болып жатқан оқиғалар компания қызметіне кері әсерін тигізбей қоймайды. Еуропада ковид шектеулері алынып тасталған соң, Лондон, Франкфурт, Амстердам әуежайларында тасымалға сұраныстың артуынан біраз қиыншылықтар туындады».

Оның айтуынша, соңғы екі жылда халықаралық әуежайлар шектеулі режимде жұмыс істеген. Соның салдары енді біліне басталды. Мәселен, Франкфурт — Нұр-Сұлтан бағытындағы рейс әуежайда жүк тиеушілердің жетіспеуінен бір сағатқа шегеріледі. Бұл ұшақта Нұр-Сұлтанға жеткен соң әрмен қарай Қостанайға ұшатын 30 шақты жолаушы бар. Тиісінше, транзит жолаушыларды әкету үшін Нұр-Сұлтандағы бортты кідіртуге тура келеді. Соның кесірінен екі рейс кешіктіріледі. Жаһандық факторға Украинадағы жағдайды да қосу керек. Ресей әуе кеңістігін айналып өтуге мәжбүр болғандықтан, белгілі бір бағыттар бойынша ұшу уақыты ұзарды. Бұл да өз кезегінде ұшу жиілігі мен мерзіміне әсер етпей қоймайды. Сондай-ақ Еуропа әуежайларына қатысты мәселеде мынаны ескеру керек: Амстердам әуежайы өз ресурсын есепке алып, жолаушылар мен рейстердің санына да шектеу қойды. Лондонда соңғы екі аптадан бері жүк тасымалымен байланысты түйткілдер туындады. Міне, осының бәрі әуе компанияларының қызметіне зиянын тигізіп отыр.

Жергілікті факторларға тоқталған А.Небога былай деді: «Әуе компаниясының ұшу жиілігі жылдық эквивалентте есептеледі, әрине, ай сайын да есеп жүргіземіз. Әр айды жеке-жеке алып қарасак, Қазақстандағы қантар оқиғасы да ұшу жиілігіне әсер етті. 2-3 апта жұмысымыз тоқырап қалды».

Ақпан-наурыз айларында елдегі ауа райының қолайсыздығы, ал жазда әуежайларда жөндеу



жұмыстары мәселені тереңдете түседі. Сондай-ақ техникалық себептерді де ескеру керек. «Техникалық себептермен рейсті кешіктіру — ең алдымен ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Ұшақта ақаудың жоқ екеніне көз жеткізбейінше, әуе компаниясы ұшуға рұқсат бермейді, — делі А.Небога. Бір ғана мысал: өткен аптада біздің борт Орталық Азиядағы әуежайдың бірінде қонды. Әуе кемесін тексеру барысында қозғалтқыш қалақшасында мерт болған құстың қалдығы табылды. Әлгі әуежайда білікті маман болмағандықтан, Air Astana компаниясы Алматыдан өз инженерін жөнелтуге мәжбүр болды. Ол талдау жасап, ешқандай зақым келмегенін анықтаған соң ғана ұшуға болатынын айтты. Әлбетте, рейс кешіктірілді. Бірақ жолаушыларды аман-есен жеткізу үшін осылай әрекет етуге тура келді».

Ұшу қауіпсіздігіне айрықша маңыз берілетінін Салтанат Томпиева да атап көрсетті. «Азаматтық авиация саласында тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл әлемде жолаушылардың қауіпсіздігі — бірінші орында. Дегенмен рейс әуе компаниясының кінәсінен кешіктірілсе, заңға сәйкес, жолаушыларға жағдай жасалуы тиіс», — делі ол.

Наргүл МЫРЗАХМЕТ

Оқшау ой

АЛАКӨЛГЕ КӨҢІЛ АЛАҢ

Мынадай аптап ыстықта теңізде немесе көлде шомылу бір ғанибәт қой. Соданда біз биыл отбасымызбен Алакөлге баруды ұйғардық. Шынымды айтсам, көлдің атын естігенім болмаса, өз көзіммен көрмеппін. Алматыдан Алакөлге бару үшін көлікпен 7-8 сағат, ал пойызбен жарты тәулік кетеді екен.

Көлікпен баруға әкем үзілді-кесілді қарсы болды. Өйткені жол тым нашар дейді. Сөйтіп пойызға билет алдық. 211ТА пойызымен жарты тәулік жол жүрдік. Пойыз жана жөне таза екен. Вагондардың ішінде салқындатқышы мен суы бар. Жолаушыларға барлық жағдай жасалған. Жолдың ұзақтығы білінген жоқ. Сәйкесінше, билет бағасы да қымбат. Қарапайым халықтың қалтасына салмақ салатындай. Бірақ ондай пойыз аз екен. Қалған пойыздар ескі. Талапка сай емес. Амалдың жоғынан жұрт ескі пойызбен баруға мәжбүр. Іші ыстық, жатын орындары ескірген. Ескі дүниені қанша тазаласа да, ескі екені білінеді ғой. Онымен қоймай ұсқынсыз. Дегенмен мұндай пойызға халықтың еті үйреніп кеткен тәрізді. Ал сырттан келген туристер қалай отырады екен?



Ойды ой қуалап, жетер жерімізге келіп те қалдық. Көз ұшында жарқырап көл көрінді. Қандай көз тоймайтын сұлулық десеңші!

Алдын ала келісіп қойған демалыс орнына бардық. Бөлме мұнтаздай таза, жарық, жайлы.

Біз барғанда түскі ас уақыты болыпты. Түскі асымызды ішіп, бөлмемізге орналастық. Біздің демалыс орнымыздан көл алыс екен. 20 минуттай жаяу жүреміз. Қиын тигені де осы болды. Бірақ ең жақын демалыс орындарының бірі осы. Қалған демалыс орындары жарға жақын. 20 минут жаяу жүріп, көлге де жеттік. Қара теңіз әдірем қалсын. Суы қандай таза, жып-жылы. Жапа-тармағай көлге қойып кеттік. Бірақ судан шыққан соң киім ауыстыратын жер таппадық. Үстіміз су болып, суға түсетін киіммен демалыс орынға бардық. Бізбен бірге әкемнің достары барған. Сол кісілердің кішкентайлары 20 минуттың ішінде салқын тигізіп алыпты. Қоқыс тастайтын жәшік те тым алыста екен. Ол жәшік көзге көрінбеген соң ба, адамдар қоқысты өздерімен алып кетеді немесе жағаға тастай салады. Обалы не керек, жағалауды ластамауға демалушылар барынша тырысып бақты.

Міне, осы барғанымда Алакөлде демалушылар үшін жағдай жасалмағанына көз жеткіздім. Мұны көргеннен кейін «еліміз туризм ошағына айналады дегенге сену қиын-ау» деп ойладым. Жолдың ұзақтығын айтпағанда, ойдым-шойдым тұстары шаршатып жіберетіні өз алдына. Көл жағасында

демалушыларға керек дүниелер жоқтың қасы. Оның үстіне қымбат. Біреулер «шетелде демалу бұдан арзанға түсетін шығар» деп жатты. Демалыс орындары, азық-түлікті айтпағанда, кәдімгі қара судың бағасы да аспандап тұр. Келушілер аз болған соң, тұрғындар пайда көру үшін қымбатқа сататын сияқты. Табиғаттың әдемілігін пайдаланып, туризм ошағына айналыруға болады ғой. Оған не кедергі?

Сая БЕРІКҚЫЗЫ,
Абай атындағы РММИ-дың
9-сынып оқушысы
«Ділар» үйірмесінің мүшесі,
Алматы — Алакөл — Алматы

MEGAPOLIS

Өткен аптада Шымкент қаласының әкімі Мұрат Әйтеновтің қатысуымен өткен брифингте қаланың мегаполис мәртебесін ағаннан бергі негізгі даму көрсеткіштері мен осы жылдың аты айлық қорытындысы жария етілді.

Әкім соңғы 4 жылда қалада өнеркәсіп өнімінің көлемі 60 пайызға, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 30 пайызға, қала бюджеті 4 есеге өскенін айтты. «Шымкентке республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілгеннен бері өнеркәсіп өнімінің көлемі 492,3 млрд теңгеден 785,4 млрд теңгеге ұлғайды. 1,5 трлн теңгеден астам инвестиция тартылды. Биыл қалаға жарты триллионнан астам инвестиция тарту жоспарланған. Инвестиция тарту бойынша Шымкент 2021 жылдан бері елімізде көш бастап келеді. Сонымен бірге 2,6 млн шаршы метрден астам тұрғын үй салынып, оның 1 миллион шаршы метрі өткен жылы берілді. Осы уақыт аралығында шаһарда 2,6 миллион шаршы метр тұрғын үй салынған болса, оның 1 миллион шаршы метрі тек 2021 жылдың үлесінде.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері шығарған өнім көлемі алғаш рет 1 трлн теңгеден асты. Ал қала бюджеті 146,2 млрд теңгеден 573,7 млрд теңгеге дейін артты. Осы уақыт ішінде 673,4 шақырым жол жөнделді. Бұл – алдыңғы 8 жылмен бірдей», – деді М.Әйтенов.

Шымкент инвестиция көлемінің өсімі бойынша бүкіл ел бойынша бірінші орында. Биыл Шымкент қаласының экономикасына тартылатын тікелей инвестиция көлемі 500 миллиард теңгеден асады деп жоспарланып отыр.

«Биылғы жылдың 5 айында қалаға 131 миллиард 100 миллион теңгеден астам инвестиция тартылды. Бұл 2021 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 29,2 пайызға жоғары. Жыл соңына дейін инвестиция көлемі 500 миллиард теңгеден асады деп жоспарланып отыр. Жалпы, Шымкент республикалық қала мәртебесіне ие болған 4 жылдың ішінде шаһар экономикасына 1,5 триллион теңге инвестиция тартылды», – деді шаһар басшысы.

Қала әкімінің айтуынша, инвестиция негізінен құрылыс және өнеркәсіп салаларына бағытталып жатыр. Мәселен, өнеркәсіп секторында 16 инвестжоба іске асырылмақ. Жалпы құны – 52 миллиард теңгелік бұл жобаларды жүзеге асыру арқылы жаңадан 1 мың тұрақты орнын құру көзделуде.

Бұдан бөлек, Шымкентте шағын және орта кәсіпкерлікті одан әрі дамыту мақсатында инвестициялық жобалардың 2025 жылға дейінгі пулы әзірленген. Оған жалпы құны 2 триллион 600 миллиард теңгені құрайтын және 20 мың жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 242 жоба еніп отыр. Соның ішінде 159,7 миллиард теңгелік 50 жоба биыл іске асады деп күтілуде.

Мемлекет тарапынан кәсіпкерлерге ауқымды қолдау көрсетіліп жатыр. Атап айтқанда, «Бизнестің жол картасы-2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында 13,3 млрд теңге қарастырылып, бүгінде 4,1 млрд теңгеге 1 830 жобаға қолдау көрсетілген.

«Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында 74 жобаға 1,1 млрд теңге бөлінді. Жергілікті «Іскер қала» бағдарламасы аясында 944 млн теңге бағытталып, бүгінде 183,4

«Олардың ішінде Орталық Азияда теңдесі жоқ «Алюминий банкілерінің өндірісі» жобасын атап өткім келеді. Жобаның құны 23,4 млрд теңгені құрап, онда 145 жұмыс орны ашылды. Жобалық қуаттылығы жылына 500 млн дана алюминий банкілерін шығарады. Өндірілген өнім елге келген импорттың 60 пайызын алмастырады», – деді Мұрат Дүйсенбекұлы.

Жоспарланған жобалардың ішінде қала экономикасына маңызды жобалардың бірі ретінде «Standard Steel KZ» ЖШС түсті металл концентраттарын алу зауытын (*мыс, қорғасын, цинк, алтын*) атап өтуге болады. Аталған жобаның құны – 8,5 млрд теңге, жоба аясында 250 жаңа жұмыс орнын ашу қарастырылған.



ШЫМКЕНТ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТУДАН КӨШ БАСЫНДА

Қала басшысының айтуынша, бұл жоба шынымен де мегаполис үшін маңызды. Себебі бұрынғы қорғасын зауыты аумағындағы қорғасын қалдықтары тазартылып, қаланың экологиясына оң әсерін тигізетін болады.

Жалпы, қаладағы 4 индустриялық аймақта 185,3 млрд теңгеге 130 жоба іске асырылып, 8,3 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды.

Жалпы Шымкент қаласында 2022 жылдың I тоқсанында орташа жалақы 23,3 пайызға өсіп, 216867 теңгені құрады.

ИНЖЕНЕРЛІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ОҢ ШЕШІЛІП ЖАТЫР

Шымкентте инженерлік инфрақұрылым мәселесі оң шешімін табуда. Қалада 3 елді мекен ауыз суды кестемен қолданады. Биыл 8 нысанның құрылысы жүргізілуде. Нәтижесінде қамту деңгейі 98-ден 99 пайызға артады. Жоспар бойынша 2023 жылы ауыз су мәселесі толығымен шешіледі.

жарықтандыру жұмысы жүргізілмек. Қаладағы жарықтандырылған көшелердің үлесі 43 пайыздан 57 пайызды құрайтын болады. Бұл көрсеткішті 2025 жылы 75 пайызға жеткізу жоспарланған.

Брифинг барысында республикалық телеарна тілшілері М.Әйтеновке Шымкент қаласының бас жоспарына және ондағы ЛРТ, БРТ құрылысына қатысты сұрақ қойды. «Шымкенттің алдыңғы бас жоспары 2012 жылы бекітілген. Ол кезде Шымкент облыс қарамағындағы 500 мыңдай тұрғыны бар қала болатын. Бүгінде Шымкент республикалық маңызға ие, 1 миллионнан астам тұрғыны бар үлкен қала. БРТ мен ЛРТ құрылысын салу – уақыт талабы. Ірі қалаларда автобустарға аналогты қоғамдық көліктің болуы өте маңызды. Себебі бұл көлік кептелісін азайтып, қала тұрғындарына қолайлы жағдай жасайды. Ал оның құрылысы жөнінде тиісті мамандармен кенесіп, зерделеу жұмыстары жүргізіліп жатыр», – деді М.Әйтенов.

Айта кетейік, Шымкентте жол құрылысы мен жөндеу жұмыстары 352 шақырымды құрайтын 190 нысанда жүріп жатыр.

Шымқалада 2 жолайықтың құрылысы жүруде. Көлік инфрақұрылымын дамытуда бірқатар ірі жобалар қолға алынған. Үстіміздегі жылы 190 нысан немесе 352 шақырым жолда құрылыс-жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен бірге қазір қалада 2 жолайық құрылысы салынып жатыр. Биыл Рысқұлов-Қонаев жолайырығы толық пайдалануға беріледі. Аргынбеков-Бөйдібек би жолайырығының құрылысы басталды, келер жылы аяқталады.

2025 жылға дейін 3 жолайық, 2 транзиттік айналма жол, А-2 автомобиль жолын қайта құру және Қонаев даңғылының жалғасын салу жұмыстары аяқталып, пайдалануға тапсырылады. Нәтижесінде жақсы және қанағаттанарлық жолдардың үлесі осы жылы 64,7 пайызға, 2025 жылы 79 пайызға жетеді.

Ал әуе көлігі жолаушыларына ыңғайлы жағдай жасау үшін жеке

инвестор есебінен әуежайға жаңа терминал салынып жатыр. Құрылыс аяқталған соң, жолаушыларды өткізу қабілеті сағатына 200 адамнан 2000 адамға дейін өседі.

Таяуда Д.Қонаев даңғылының жалғасы көлік қозғалысы үшін ашылды. Бүгінде аталған нысанда құрылыстың III кезеңі жүріп жатыр. Д.Қонаев даңғылы – қаладағы көлік ағыны жоғары магистралды жолдың бірі. Қазіргі сәтте құрылысы аяқталмаған даңғылдың Терешкова көшесінен Бекет көшесіне дейін аралығы көлік ағынын оңтайландыру үшін іске қосылып отыр.

Құрылыс жобасы бойынша Қонаев даңғылының III кезеңінде ұзындығы 561,2 метр, ені 42 метрді құрайтын жол салынады. Жобаның үшінші кезеңі 2020 жылы басталып, жұмыс шеңберінде теміржол мен жерүсті жаяу жүргіншілер өткелі салынды. Сондай-ақ жол жиегіндегі инженерлік жүйелерді ауыстырылады.

Құрылыс жұмыстарының сапасын бақылау мақсатында тұрақты түрде техникалық қадағалау эксперттері бекітілген. Ұлттық сапа орталығымен орындалған жұмыстар мен материалдарға сараптама жүргізіліп отырады.

Сонымен бірге Адырбеков көшесінің Жібек жолы көшесінен Ілияев көшесіне дейінгі аралығы ашылды. Ұзындығы 3,74 шақырымдық жол Алдияров көшесінен Т.Рысқұлов көшесіне дейінгі аралықты қамтиды. Жоба бойынша ені 23 метр 4 жолақты жолдың екі жағында



млн теңгеге 19 жоба қаржыландырылды», – деді Мұрат Дүйсенбекұлы.

Шаһар басшысының айтуынша, кәсіпкерлердің жеңілдетілген несиеге қол жеткізуі үшін «Shymkent–Atameken» микроқаржы ұйымы арқылы кәсіпкерлерге 25 млн теңгеге дейін 6 пайыздық мөлшерлемесмен несие беріледі. Жыл басынан бері 865,6 млн теңгеге 86 жобаға қолдау көрсетілген.

Ал «Бизнеске арналған үкімет – Shymkent Invest» бірыңғай орталығында 24 мыңнан астам кәсіпкерге бизнес-жоспарды әзірлеуден бастап, жобаны пайдалануға беруге дейінгі құжаттарға байланысты қолдау көрсетілген.

Шаһар басшысы халықтың табысын арттыра түсу үшін өндіріс орындары санын көбейту жұмыстары қолға алынғанын жеткізді.

«Бұл бағытта биыл 16 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. Инвестиция көлемі 52,3 млрд теңгені құрап, 1 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Бүгінгі таңда жоспарланған 5 кәсіпорын іске қосылды. Олардың ішінде Орталық Азияда теңдесі жоқ «KazAlPacK» ЖШС «Алюминий банкілерінің өндірісі» жобасын атап өткім келеді. Жоба құны 23,4 млрд теңгені құрайды. Жаңадан 145 жұмыс орны ашылды. Онда жылына 500 млн дана алюминий банкілерін шығару жоспарлануда. Өндірілген өнім елге келген импорттың 60 пайызын алмастырады», – деді ол.

Жалпы қаладағы 4 индустриалдық аймақта 185,3 млрд теңгеге 130 жоба іске асырылып, 8,3 мыңнан астам жаңа жұмыс орны құрылды.

Бұлардан бөлек, импорт алмастырушы екі жаңа зауыттың ашылуы жоспарланып қойды. Халықтың табысын арттыра түсу үшін өндіріс орындарын көптеп ашу қажеттігі туындайтыны заңдылық. Бұл бағытта биыл 16 инвестициялық жобаны іске қосу жоспарланған. Инвестиция көлемі – 52,3 млрд теңгені құрап, 1 000 астам жаңа жұмыс орны ашылады. Бүгінгі таңда жоспарланған 5 кәсіпорын іске қосылды.

Шымкентте еліміз бойынша алғашқы жекеменшік индустриалдық аймақ ашылады. Қазірде қалада екі индустриялық аймақтың құрылысы жүріп жатыр. Оның біріншісі – «Жұлдыз» ИА. Жалпы алаңы – 306 гектар. Бұл аумақта 5 мың жұмыс орны құрылып, машина құрастыру, фармацевтика, металлургия, жиһаз құрастыру, құрылыс өнеркәсібі қолға алынады. 200 млрд теңгені құрайтын сомаға 50 ірі инвестициялық жоба іске асырылады.

«Екіншісі – еліміздегі алғашқы жекеменшік «Стандарт» индустриалды аймағы. Оның аумағы – 118,9 гектар. Онда 176 мың шаршы метрге дайын өндіріс аландарын құру және 64 мың шаршы метрге қойма аландарын салу көзделуде. Екі аймақ та Мемлекет басшысының 2025 жылға қарай өңдеу өнеркәсібінің экспортын ұлғайту жөнінде берген тапсырмасына сәйкес салынып жатыр», – деді Мұрат Дүйсенбекұлы.

Сонымен бірге аумағы 133 гектарды құрайтын «Бозарық» тамақ өнеркәсібі индустриалды аймағының құрылысы жүріп жатыр. Бұл аймақта ауыл шаруашылығы өнімдері терең өңделеді. 1500 адамды жұмыспен қамтитын 21 жобаны жүзеге асыруға 23 млрд теңге инвестиция тартылады.

Жалпы ауыл шаруашылығы саласында биыл 11 млрд теңгеге 369 жұмыс орнымен 14 жоба іске асырылатын болады.

Экономикалық көрсеткіштер халықтың өмір сапасына тікелей әсер етуі тиіс. Үшінші мегаполисте Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Үкіметпен бекітілген «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» сәтті орындалып келеді.

«Биыл қаламызда «Халықтың табысын арттырудың 2025 жылға дейінгі бағдарламасы» аясында 24 мыңға жуық мұғалімнің еңбекақысы 25 пайызға, 17 мыңға жуық азаматтық қызметшінің жалақысы 20 пайызға, денсаулық сақтау және спорт салаларында еңбекақы 25 пайызға өсті», – деді қала әкімі.



көлік қозғалысы мен кептеліс мәселесін шешуге септігін тигізбек. Бүгінде Шымкентте екі жолайықтың құрылысы жүріп жатыр. Д.Қонаев даңғылы мен Т.Рысқұлов көшесінің қиылысындағы жолайық құрылысы биыл толығымен аяқталып, ел игілігіне берілмек.

«Аргынбеков көшесі мен Бөйдібек би даңғылының қиылысындағы жолайық құрылысының алғашқы кезеңі басталды. Бұл құрылыс келесі жылға өтпелі. Сондай-ақ 2025 жылы 3 жолайық, 2 транзиттік айналма жолдың құрылысын аяқтап, А-2 автожолы қалпына келтіріледі. Нәтижесінде сапалы жолдың еншісі 64,7 пайыздан 79 пайызға жеткізілмек», – деді М.Әйтенов.

Сонымен қатар Шымкентте әлеуметтік маңызы бар 747 көшенің 324-і жарықтандырылған. Биыл 102 көшеге мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде

ирригациялық жүйе мен жасыл аймақ, тротуар, жарық шамдар көзделген.

Адырбеков көшесін қайта құру жұмыстары 2023 жылы толығымен аяқталып, пайдалануға беру жоспарланған.

2018–2020 жылдары Рысқұлов көшесінен Жандосов көшесіне дейінгі аралықты қамтитын 800 метр жолға қайта құру жұмыстары жүргізілген. Бүгінде Жібек жолы көшесінен Тәуке хан даңғылына дейінгі аралықта қайта құру жұмыстары атқарылуда.

Ал Жібек жолы көшесінен Ілияев көшесіне дейін асфальт төсемінің екінші қабаты төселіп, Ілияев көшесінен Тәуке хан даңғылына дейін инженерлік жүйелер орын ауыстырылуда және жолдың қазаншұңқыры дайындалуда.

Дайындаған Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Біздің сұхбат

(Басы 1-бетте)

Құралбек Ордабаев: 12 жасымнан футболға қызықтым. Өзім үйдің үлкені болдым, менен кейін үш інім, екі қарындасым бар. Бауырларым да футбол ойнады. Сөзіңнің жаны бар, халық шаруашылығы институтын бітірген мамандығым бойынша қызмет етсем, мүмкін дәл бүгінгідей дәреже-құрметке кенелмес пе едім. Жаратқанға сансыз шүкіршілік деймін, көрген жерде жұрт жапа-тармағай амандасып, суретке түсіп танып жүреді. Елімізде ғана емес, бұрынғы Кеңестер одағы елдеріне барсам да, байырғы жанкүйерлерім қаумалап қоршап, қошеметін аямайды. Бұдан артық қандай бақытты қажет етесін. Еңбегіңнің өтеуі деген осы шығар деп пайымдаймын. Байлық қумалық, ақшаның артынан ілеспедік, елдік намыс деп атымызды тебіндік. Әйтпесе, Өзбекстанның «Пахтакор» командасының басшылары кең сарайдай үйлерін де ұсынды, астыма қымбат көлік те мінгізуге әзір екенін айтып клубқа шақырды. Дүниені жүрекке жақын ұстасак, сол кезеңде ұсыныстан бас тартпас едік. Бірақ елімнің, халқымның құрмет-қошеметіне дәл бүгінгідей бөлену-бөленбеуім екіталай еді онда. Ал енді «доп ойнаған тозар» десеңіз, бүгінгі күннің ең бай-бағландары — футболшылар. Қазекем бұл сөзді еңбекті сүйсен, несібесіз болмайсың дегенге сүйеп айтқаны деп

Құралбек ОРДАБАЕВ, даңқты футболшы:

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМАҒА НАМЫС КЕРЕК

пайымдаймын. Әйтпесе, доп ойнаған, ойнағанда да ақылмен ойнаған жандардың жұлдызы жарқырап жанып жатыр.

Jas qazaq: Осы жұрт Ордабаевты пенальти қайтарудың сұңғыла шебері деп біледі. Әсіресе, сіздің ойынды стадионнан тамашалаған, стадионға сыймағандарды көгілдір экран алдына «көгендеп қоятын» сіздің айып добын қайтарудағы шеберлігіңіз дегенді тамсанып айтады.

Құралбек Ордабаев: Жаңылмасам, 1973 жылы болуы керек, КСРО чемпионатында тең нәтиже тіркеу болмасын деген ұйғарым шықты. Ондағы көздегені — алдын ала келісілген ойынның жолын кесіп, тосқауыл қою. Сол жылғы чемпионаттың қай ойыны болмасын, тең аяқталса, пенальтиге жүгінді. Есіңізде болсын, ойын барысында алаңда жүрген он футболшы қателессе, сүрінсе, көрерменге де, бапкерге де аса байкала бермейді. Ал қақпашының қателесуі,



әбжіл қимыл танытпауы, шеберлігі төмен болуы көзге шыққан сүйелдей көрініп тұрады. Сондықтан да қақпашы қарымды болмай допты өткізіп алса, артында тек қақпаның торы ғана тоқтатады. Бұл дегенін қақпашы үшін орасан ойсырау болып саналады.

Жаңа сөз басында айттым, 12 жыл «Қайраттың» негізгі қақпашысы саналып, ауысымсыз ойнадым. 250-ден астам матчқа қатысқан екем. Менің ұстанымым ба, әлде табиғатым сондай ма, ойын басталар кезде бапкер не айтты, қандай тапсырма берді құлағыма құйып аламын да, алаңға шыққан ойынның аурасына қойып кетем. Басқа әлем, мына дүние ұмыт болғандай әсер етеді. Ал енді пенальти тебер кезде футболшыға 1-1,5 минуттай уақыт беремін, әзірлік жасауына. Сол аралықта мен оның көзіне қарап, ішкі ой арпалысын оқып аламын. Ол қай бұрышты көздейді, қайда тебеді, бәрін-бәрін алдын ала саралап, байыптап аламын. Пенальти тебетін футболшы допты нүктеге қойғанда, көзінің қиығымен қақпаның қай бұрышына тебетінін қарап өтеді. Міне, сол кезде мүлт жібермей көріп алсаң, болды. Допты оң, әлде сол аяғымен тебетінін, доп қандай жылдамдықпен ұшады, соның бәрін математикалық ойшмен есептеймін. Қақпада ары-бері жүріп, ойыншының аптығын басуына, демін алуына орай туғызамын. Сонда ол сабасына келіп, еңтігін басқан соң «гол соға алмай қалсам қайтем» деген үрейге бой алдырып, дұрыс тебе алмай қалуы да мүмкін. Мұның бәрі психология. Анам Ұлбике математикаға жүйрік болған екен. Әкем мал ұстап, семірттіп сойып сатағын. Бір жылқының етін 12 жілікке бөлгенде сатып алушылар ақшасы қанша болатынын қағазға жазып есептегенше, анам сақылдапыт

ауызша бағасын тура шығарып бере салатын көрінеді. Математикаға жүйріктігім сол анамнан дарыған шығар деп санаймын.

Jas qazaq: Осы жылғы маусымда сізге КСРО-ның үздік қақпашысы деген марапат берілді емес пе?

Құралбек Ордабаев: Иә, мәскеулік «Известия» газеті арнайы мақала жариялап, ат басындай кубок берді. Өйткені осы маусымда өткізген матчтардан кейінгі пенальтиде 16 рет допты қайтардым. Ал ойын барысында Мәскеудің «Динамосына» және Карпаттың «Львов» клубына қарсы ойын кезінде екі рет пенальтиден гол соққызғам жоқ. Айтар ауызға жеңіл болғанымен, бұл — үлкен еңбек.

Jas qazaq: Аға, сіз үйдің тұңғыш ұлысыз. Өзіңізден кейін үш ініңіз, екі қарындасыңыз бар. Құралбектің ізін басып, екі бауырыңыз да футбол ойнады. Ал қарындастарыңыз қай саланы таңдады, допқа қызығушылығы бар ма еді?

Құралбек Ордабаев: Өзімнен кейінгі Құрбанбек Ордабаев та футбол ойнады. Бірақ алаңдағы сапарын ертерек аяқтап, төрешілікке бет түзеді. Халықаралық дәрежедегі ФИФА-ның төрешісі деген куәлігі бар. Одан кейінгі інім Тұрғанбек тумысынан футболға қызыққан емес. Үйдің шаруасына епті, шаруашылықты шырк үйіреді. Кенже інім Рахымбек те футбол ойнады. Қазақстанға белгілі футбол төрешісі. Екі қарындасым спортқа онша бауырласпады, басқа саланы таңдап, жемісті еңбек етті.

Jas qazaq: Естуімізше, үйдегі жеңгеймен де сізді табыстырған спорт екен. «Қайрат»

казаксын, казактын клубында ойнауың керек!» Болды, бітті. Дұрыс айтасың, 1979 жылдың 11 тамызындағы қасіретті әуе апатында опат болып кетуім де мүмкін еді. Осы әуе апатының орын алғанына 40 жыл толуына



ЖАСТАРҒА АЙТАРЫМ – МАСТАНБАУҒА, ДҮНИЕНІҢ СОҢЫНАН ҚҰА БЕРМЕСЕ ЕКЕН ДЕЙМІН. АДАМ ӨЗІНІҢ РУХАНИ ӘЛЕУЕТІН КӨТЕРГЕНДЕ ҒАНА ДАМИДЫ, ТАНЫМ КӨКЖИЕГІ КЕҢІДІ. ФУТБОЛДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ КӨПШІЛІГІ ЖОҒАРЫ БІЛІМ АЛУҒА, БІЛГЕНІН ЖЕТІЛДІРУГЕ АСА ҚҰЛЫҚТЫ ЕМЕС. ОЛАРҒА ОДАН ГӨРІ КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАСҚАНДА, ТӘУІР ЕҢБЕКАҚЫ ЖАЗДЫРЫП, АҚША ТАПСА БОЛДЫ.



орай Өзбекстанда үлкен ас беріліп, құран оқылды. Мені де Өзбекстанның Премьер-Министрі арнайы шақырды. Сол аста Төлеген Ысқаков, Бахадүр Әбдірайымов, Вячеслав Солоха деген «Пахтакордың» ұшақтан қалып қойған футболшылармен әңгімелестік. Егер жазым айдап, мен де Өзбекстан құрамасының шақыртуын қабыл алғанда Минск қаласындағы мен болашақты бағдарлай білетін сезімталдығына бас иемін. Егер де «Пахтакорда» ойнасам, менің атағым дәл қазіргідей шарықтамас еді. Ордабаевтың алаңдағы ойынына қызығып, қаншама ата-ана баласының есімін Құралбек деп қойды. Сол баласы есейіп, бұғанасы қатайғанда алдыма ертіп келіп, батамды сұрады. Қазақстан Футбол федерациясын жеті жылдай басқарғанда еліміздің әр аймағында болдым. Сонда «сіздің құрметіңізге, жолыңызды берсін деп баламыздың атын Құралбек деп қойдық» деп алдымнан жиі ұшырасатын. Байлықтың, дүниенің соңынан қусам, мұндайға кенелерім екіталай еді.

Jas qazaq: Қақпашыны ертеректе жарты команда деуші еді, осы күнде жақсы қақпашы бүтіндей бір команда деп те айтып жүр. Бір мүшелден аса «Қайраттың» қақпасын күзеттіңіз. Оған дейін де, кейін де басқа клубтарда ойнадыңыз. Байқап отырмаз, он қолыңыздың кішкентай бөбегі қисық біткен екен. **Құралбек Ордабаев:** «Бас жарылса — бөрік,

кол сынса — жең ішінде» деп өскен ұрпақ емеспіз бе. Сол көзіме байыптап қарасаныз, қабақтан төмен қарай қуалап жанарымның жанында қаптадай тыртық тұр. Ұзыннан осып түскен жарақатты 1974 жылы Алматыдағы матчта алдым. Қазіргі Санкт-Петербург қаласының «Зенит» командасына қарсы ойын еді. Шабуылшы андағайлап екпіндеп келеді. Аяғынан ұзатпаған допты ұстаймын деп ұмар-жұмар құладым. Анау да берісер емес, шірене тепкенде допқа тимей, аяқ киімінің темір шегесі бетімді осып түсті. Олжасы сол, гол соғылған жоқ, көзім де аман екен. Жарақатымды тіктіріп, айыққан соң қатарға қайта қосылдым. Саусағым — қақпаға қарай бірнеше шақырым жылдамдықпен ысылдай ұшқан доптарды қайтарудың әлегі кезіндегі жарақаттың «жемісі». Қазіргі қақпашылардың қолғабы өте ыңғайлы. Ал біз киген қолғаптың алақан тұсы тырнаның терісіндей тым жұқа болды ма, дуылданды да саусағынның ұшына дейін тызылдатып, бебеу қактыратын. КСРО чемпионатына қатысатын командалардың стадиондары тегіс, табиги балдырған шөбі де тығыз өскен ыңғайлы болады. Ал ел ішлік жарыстарда кейбір стадиондардың қақпасының алды тақырланып, тасы шығып жатады. Ондай жерге құлағанда сауырынның терісін сыпырып кетеді. Осындай жарақаттар болды. Ең бастысы, бас жарылса да, көз шыққан жоқ, соған шүкіршілік дейміз.

Jas qazaq: Зейнеткерлікке шықсаныз да, тізгініздің бір ұшы футболға әлі байлаулы. Кезінде Қазақстан Футбол федерациясын басқардыңыз. Қазіргі казак футболының аяқ алысы қалай? Жанкүйерлерді желпітіп, ұлттық құрама Ұлттар лигасында көш бастап келеді.

Құралбек Ордабаев: Ұлттық құраманың қазіргі жетістігін мақтауға да, мақтауға да болады. Қуанарлығы, Қазақстан премьер-лигасында ойнайтын өзіміздің қаракөз қандастарымыз көп. Ұлттық құрама сапына да солардың арасынан суырылып шыққаны ілініп жатыр. Жастарға айтарым — мастанбауға, дүниенің соңынан қуа бермесе екен деймін. Адам өзінің рухани әлеуетін көтергенде ғана дамиды, таным көкжиегі кеңиді. Футболдағы жастардың көпшілігі жоғары білім алуға, білгенін жетілдіруге аса құлықты емес. Оларға одан гөрі келісімшарт жасасқанда, тәуір еңбекақы жаздырып, ақша тапса болды.

Нарықтық қоғамда бұл да керек. Бірақ сен өмір бойы футбол ойнап өтпейсің. Жас келгенде жастар ығыстырып шығарады. Сондай кезде күресінде қалғандай болмай, өз мамандығын бойынша жұмыс істеп тамағыңды табуын міндет.

Ұлттық құрама туралы айтқанда, жетістікке қуану керек. Бірақ тым дандайсуға болмайды, сәл де болса, алға ілгерілеу бар. Ұлттық құрамаға намыс керек, намысқа шапқанда ғана нәтижеге жетеді. Жігіттерге айтар ақылымды іркіп қалған емеспін. Құрамада ойнайтын футболшыларға бас бапкердің айтқанын қалтқысыз орындап, жаттығудан кейін де қалып, өзінің кем тұсынды бүтіндеуге күш сал дегенді жиі айтамын. Еститін құлақ аз, кейбірі тындайды, енді біріне менің ақылым онша өтпей ме, қабылдай қоймайды. Дүние,



қазына, байлық бүгін бар, ертен басыннан көшуі мүмкін, Ал елдің құрметі мен қошеметі, қадірімен келген атак ешуақытта өшпейді.

Сондықтан ұлттық құраманы мақтамау керек дейтінімізнен себебі, жастарымыз мастанып, жұлдыз ауруына шалдығуы бек мүмкін. Бүгінгі ұлттар лигасындағы жетістік бүл бір ғана мезеттік жарк етпе дүние ғана. Біз бұдан да жоғары асудан аса алатынымызды, бұдан да биік белеске жететінімізді дәлелдеуге ұмтылуымыз қажет. Соған жету жолында тынбай еңбектену керек.

Үш жыл бұрын даңқты қақпашы, мәскеулік «Динамоның» және КСРО құрамасының қақпашысы болған Лев Яшиннің туғанына 90 жыл толған мерейтойына Орталық Азиядан мені арнайы қонақ ретінде шақырды. Құрметім артпаса, қадірім болмаса, мұндай белелге қайдан ие боламын. Ресейде «100 үздік спортшы» деген энциклопедияға менің есімімді үздік қақпашы ретінде қосты.

Jas qazaq: Ұлттық құраманың негізгі құрамындағы қақпашы Игорь Шацкийге қандай баға бересіз, кем тұсы қандай?

Құралбек Ордабаев: Бұл жігіт тым кеш ашылған футболшы. Жаңылмасам, жасы отыздан асқанда бойындағы була таланты бүрлеп шықты ғой деймін. Сөз жоқ, талантты футболшы. Былтыр ашылып, өзінің шеберлігін көрсетіп келеді. Қазақстан Футбол федерациясы ел біріншілігіндегі үздік қақпашыға жыл сайын Құралбек Ордабаев атындағы марапатты беріп келеді. Былтыр осы сыйлықты мен өзім Игорь Шацкийге табыс еттім. Сол мәртебелі жиында қақпашының арқасынан қағып, жылы лебізімді де білдірдім, масаттанбауға ақылымды да айттым. Қақпашы ойын барысында қақпасына гол жібермесе, алаңдағы ойыншыларға үлкен күш дарытады. Адам өмір бойы ізденумен, өзін-өзі толықтырумен өтуі керек. Бойындағы талант 1 пайыз ғана, қалғаны тең ақ адал еңбегімен келеді. Елімізде талантты қақпашылар бой көрсетіп, өсіп жатыр. Солардың да арасынан сандықтар шығатынына сенім білдіремін.

Jas qazaq: Әңгімеңізге рахмет, аға!

Сұхбаттасқан Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ

ТІРШІЛІК

ЭКОЛОГИЯ

Жаз кезінде Алматының тұрғындары мен қонақтары тауға қарай жөнкіледі. Әсіресе, Алма-Арасан тау шатқалында демалушылардың қарасы көп. Демалыс күндері тіпті қаптап кетеді.

Каланың қапырығынан бір уақыт сытылып шығып, саф ауамен тыныстағанға не жетсін, шіркін! Көкорай шалғын, сылдырап аққан өзенге қарап бүкіл дүниені ұмытып кетесін. Тау шатқалындағы көркем табиғатты осындай кереметі бар. Тек... аттап басқан сайын шашылып жатқан пластик бөтелке, пакет-пакет коқыс, бұта-бутаның түбіндегі тамақтың қалдықтары, әр жерде жағылған оттың күлін көргенде көңілін құлазып қалады. Біз келгенде тау бөктерінде жаңбыр тамшылай бастады. Оған пысықырып жатқан жан баласы көрінбейді. Бірі самаурын қайнатып, бірі көуәп пісіріп әлек. Олардың қанша коқыс тастап кететінін өздері ғана біледі.



Иә, бұл жұрт демалуды біледі. Бірақ коқысты жинап кетуді білмейді. Жолдың бойындағы арнайы коқыс тастайтын орынға баруға ерінетіндер кез келген ағаштың түбіне коқыс толы пакетін тастай салады. Жалғыз Алма-Арасан емес, қала манайындағы көрікті жердің бәрінде осылай. Әлі күнге дейін біздің адамдарда табиғатты қорғау мәдениеті қалыптаспаған. Рас, табиғат жанашырлары түрлі бастама көтеріп, коқыс жинау акцияларын ұйымдастырып жатады. Амал нешік, бүгін жинап кетсе, ертең біреулер тағы да тастайды. Тау бөктеріне отбасымен демалуға келген біраз адамды сөзге тартып көрдік. Қызылордалық Ерден Токсанбаев жыл сайын демалысын Алматыда өткізеді екен. «Мен Алматыны асқар тауы үшін жақсы көремін. Демалыс алған сайын осында асығамын. Ағайындарымның үйіне келіп, демалып, табиғатқа жиі шығамыз. Қызылорда бұл күндері «жанып тұр» ғой. Ол

кететіні жаман. Өткен демалыста келгенімізде бір жас жігітпен сол үшін шекісіп қалдық. Ол жігіттен «Тазалыққа жауап беретін адамдар бар. Сол үшін ақшасын алады» деген жауап естідім. Дегенмен айтқан сөзді түсініп, коқысты тиісті орынға апарды», — дейді ол қынжылысын жасыра алмай. «Тазалық ең алдымен үйден басталады. Ата-ана баласына кішкентайынан дұрыс тәрбие беру керек деп ойлаймын», — деп қосып қойды. Биыл Үлкен Алматы көліне баратын жол жөндеу жұмыстарына жабылғандықтан, Алма-Арасанға өтуге тек жаяу жүргіншілерге рұқсат. Көлге қарай жаяу беттеп бара жатқан қала тұрғыны Елена Манапова да жүрген жерінде коқыс тастайтын адамдарға ренішін жеткізді. «Біздің елде туризмді әлі де түсінбейтін адамдар бар. Олар тауды жай ғана демалатын орын деп қабылдайды. Мен тауға жаяу шыққанды жақсы көремін. Бос уақытым болса, тауға қарай асығамын. Табиғатты ластап, коқысты онды-

Мұхаметжанованың айтуынша, табиғатты ластайтындардың 90 пайызы тауға келетін демалушылар екен. «Алма-Арасан тау шатқалы «Іле Алатау ұлттық паркінің» аумағына кіреді. Жаз маусымында демалушылардың қарасы көп. Ұлттық парк аумағына кіру ақылы. Келушілерге бекеттен өткенде коқысты дұрыс тастау туралы ақпарат қағазы мен коқыс салатын дорба да арнайы таратылады. Сонымен қатар парк инспекторлары да демалушыларды қадағалап, коқыс тастаған адамдарға ескерту жасап, кейбіріне айыппұл салады. Бірақ ұстап алған күннің өзінде тап беріп, қоқан-лоққы көрсететіндер бар. Дегенмен көбі тәртіпке бағынып, олқылығын түзейді. Жасыратыны жоқ, бұл араға келушілердің көбі табиғатты аялау керек екенінен мүлде хабарсыз», — дейді. «Іле Алатау ұлттық паркінің» инспекторы Қуаныш Мұратұлы еліміздің көрікті жерлерін

қалдықтардың 75-80 пайызы — пластиктен жасалған заттар. Әрине, пластиктен бас тарту үшін оны балама затпен алмастыруымыз керек. Бірақ ол көптеген тауар өндірушілерге тиімсіз. Елімізде коқысты қайта өңдейтін зауыттар да жоқтың қасы. Сондықтан қоршаған ортаны қорғаудың бірден-бір жолы — ақпараттық, үгіт-насихаттық жұмыстарды жаппай жүргізу. Қазір барлық адам әлеуметтік желіде отырады. Тынбай айта беру керек. Коқыс тастау мәдениетін қалыптастыру үшін ең алдымен қызмет көрсету сапасын арттыруымыз керек. Бұл бағытта нақты жоспар қажет деп ойлаймын. Айыппұл салу арқылы коқыс тастайтын адамдардың санын азайта алмаймыз. Бізге әлем елдерінің тәжірибесіне сүйену керек», — дейді ол. Иә, тұмса табиғатты қорғауды әркім өзінен бастауы керек. Табиғат-Ана дейміз, ал оны аялап, қорғауды білмейміз.

Макпал НОҒАЙБАЕВА

АЙМАҚ ТЫНЫСЫ

Жетісу облысының агроөнеркәсіптік көшеніндегі басты міндеттердің бірі – ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу. Аймақ экономикасына Ескелді ауданының қосатын үлесі қомақты. Мұнда негізінен дөңді, майлы дақылдар, жем-шөп, картоп, қант қызылшасы және басқа да дақылдар өсіріледі. Әйтсе де, өңдеу ісін дамыту жағы көмшін. Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі хабарлағандай, Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев Ескелді ауданына барған сапарында осы бағыттағы жұмыстармен танысты.



Өнірдегі ірі шаруашылықтардың бірі — «Хильниченко и К» командиттік серіктестігі. Құрамында тауарлы сүт, қой және жылқы фермалары, көкөніс сактау қоймасы, өңдеу цехы және басқа да шаруашылық нысандары бар. Кәсіпорын өз астығынан ұн тартып, одан макарон және нан өнімдерін дайындайды. Шұжық, жартылай дайын тағамдар бар, 10 түрлі ет өнімдерін өндіреді. Сүтті түгелдей «ФудМастер» компаниясына өткізеді. Кәсіпорын өнімдері негізінен аудандағы ауыл дүкендеріне төмен бағада сатылады. Мәселен, 500 г макарон 90 теңге тұрады. Алдағы уақытта ірімшік өндіретін цех ашу жоспары бар. Командиттік серіктестік төрағасының орынбасары Александр Хильниченконың айтуынша, Алатау тұқымды бір бас құнажыннан жылына 5726 литр сүт сауылады. Мәселен, жазғы кезеңде сүттің майлылығы 4 пайызға, қыс мезгілінде 5 пайызға жетеді. Қазір тағы бір тауарлы сүт фермасының құрылысы аяқталуға жақын. Оған кәсіпкер өз қаражатынан 350 млн теңге құйыпты. Сүт жаңа технологиямен сауылады. Қазір фермада 102 аналық бас бар, күзге дейін мал басын 205-ке жеткізу жоспарланған. Кәсіпорын желтоқсанға қарай толық қуатына шығып, 22 жұмыс орны ашылады. Облыс басшысының айтуынша, ауыл шаруашылығында тәжірибесі мол «Хильниченко» КС-ның бақ шаруашылығын дамытуға да мүмкіндігі жетеді. «Жаңа технологияларды енгізуге ниетті ірі инвесторларға өздеріңіздей іскер, жермен жұмыс істей алатын адамдар керек. Сіздердің осы салада жылдар бойы жинақтаған білім мен тәжірибелеріңіз қоғам үшін пайдалы. Бұл ауданның табиғаты бақ өсіруге қолайлы. Сондықтан осы

бағытта бастама көтеріп, өсіру мен өңдеуді қатар қамтитын толық цикл құру керек. Бұл бюджет түсімін молайтып, тұрақты жұмыс орындарының ашылуына оң ықпал етеді», — деді Бейбіт Исабаев. А.Хильниченко кәсіпорынның ынтымақтастықта жұмыс істеуге дайын екенін айтты: «Қазір біз интенсивті бақ өсіруге әрекет жасап жатырмыз. Әзірге 1800 көшет, яғни алманың бес сорты, алмұрттың екі сорты, абрикос пен қызыл шие отырғызылды. Осы бағыт бізді қызықтырады. Сондықтан оны одан әрі дамытамыз, сіздің

ақ бидай, соя себеміз, мал өсіреміз. Екі жүз басқа арналған тауарлы-сүт фермасын салуға қаржы құюға дайынбыз, онда өңдеу ісін де қолға аламыз. Өзімізде мал азығы бар, сондықтан қиындық болмайды. Тек су жағынан кейде қиналып қаламыз. Әзірге су айналымының арқасында жұмысты жалғастырып отырмыз», — деді шаруашылық басшысы Айдын Дүйсенбинов. Бейбіт Исабаев Шымыр каналын өңдеу жұмыстарының барысымен танысты. Бұл канал аудандағы 2105 гектар суармалы жерді сумен

ЖЕТІСУДА БӘРІ БАР: ЕТ ПЕН СҮТ ТЕ, ҚАНТ ТА

ұсынысыңызды қарастырамыз», — деді ол. Агроөнеркәсіп мамандарын дайындауға Көксу ауыл шаруашылығы колледжі өз үлесін қосып келеді. Мұнда кәсіби техниктер, электриктер, технологтар, механиктер, қант өндірісінің операторлары және басқа да мамандар дайындалады. Оқу орны 20 шақты кәсіпорынмен әріптестік байланыста жұмыс істейді. Соның арқасында өткен жылы колледж түлектерінің жұмысқа орналасу деңгейі 87 пайызға жеткен. Оқу процесіне заманауи технологиялар енгізілген. «Колледж басшылығы мен педагогикалық құрамы түлектерін



жұмысқа орналастыруды басым бағыт еткені қуантады. Жас мамандардың еңбек нарығына бейімделуі маңызды. Осы өңірге қандай мамандар керек, соны зерттеп, соған бағдарланған жөн. Қысқа мерзімді курстар ашқан да пайдалы. Мынадай заманауи материалдық-техникалық базамен сіздердің мүмкіндіктеріңіз көп, біз өз тарапымыздан қолдау көрсетеміз», — деді Жетісу облысының әкімі. Ескелді ауданы қант қызылшасын өсіруде алдыңғы орында. Облыс әкімі қызылшамен айналысатын шаруашылықтардың бірі — «Дүйсенбинов А. К.» шаруа қожалығына бас сұқты. Өткен жылы мұнда 400 гектардан 25 мың тонна өнім алыныпты. «Қызылшаның еңбегі ауыр, шығыны көп, бірақ табысы жақсы. Осы дақылдың арқасында бір маусымда 100 адамды жұмыспен қамтимыз, лизингке алынған ауыл шаруашылығы техникаларының төлемін өтеп отырмыз. Сондай-

қамтиды. Осы ретте жөндеу ісімен айналысып жатқан мердігер компания «Монолит» ЖШС жұмыс кестесінен кешігіп жатқаны белгілі болды. Сол сияқты Қарабұлақ ауылындағы «Жеңіс» саябағын көркейтп, жаңадан салынған көп қабатты тұрғын үйге инженерлік-инфрақұрылым жүргізу мен абаттандыру жұмыстары да кешеуілдеуде. Қазір бұл іс сотқа беріліпті. Ал «Компания Строй Индустрия» ЖШС бес қабатты 60 пәтерлік үйдің құрылысын уақытында, сапалы аяқтаған. Қазір тағы бір үйдің құрылысын бастап жатыр. Сондай-ақ «Шах құрылыс компаниясы» балабақшаның күрделі жөндеуін ойдағыдай жүргізуде, қазір жұмыстың тең жартысы аяқталған. Нысан қыркүйек айында пайдалануға берілуі тиіс. Ауданда 60-шы жылдары салынған, қазір қанырап бос тұрған ғимараттар бар. Оларды аудан басшылығы қалпына келтіріп, жас мамандарға тұрғын үй ретінде беруді жоспарлап отыр. Сондай ғимараттардың бірін балаларды оңалту орталығы ретінде пайдалануға болады. Дәл осындай бұрынғы мектеп интернаттың оқу корпусы, жатақханасы, орта мектеп ғимараттары бар. Нысандарды аралап көрген облыс әкімі оларға алдымен сапалы сараптама жасатып, содан кейін ғана шешім қабылдау керектігін ескертті. Бейбіт Исабаев Шымыр ауылындағы АГТС-қа барып, ауданды газдандыру ісімен де танысты. Бұл нүктеден Талдықорған, Текелі қалаларына, Ескелді ауданына газ тартылады. Қазіргі кезде Қарабұлақ, Сырымбет ауылдары газ құбырына қосылған, яғни бұл 30 мың абонентті қамтиды. Биыл тағы 4 ауыл газға қосылады.



Жетісу облысына қарасты Ақсу ауданында да өнім өңдеу саласында қолға алынған шаруа көп. Мұнда ірімшік шығаратын зауыт, оны шикізатпен қамтамасыз ететін тауарлы-сүт фермалары салына

шаруашылығы, құрылыс салаларындағы басқа да нысандардың жайымен танысып қайтты. Ақсу өніріндегі және бір жақсы жоба — «Ақсу ГЭС» ЖШС-ның форель шаруашылығы. Серіктестік балық шаруашылығымен айналысуды былтыр бастаған. Жоба бойынша мұнда 170 тонна тауарлы балық өндірілетін болады. Кәсіпкер іске 515 млн теңге жеке қаражатын салған. Қазіргі кезде инкубациялық цехтың құрылысы аяқталған. Оған екі инкубациялық аппарат сатып алыныпты. Электр желісі тартылған. Кәсіпорын тоназдықшы құрылыстарын Панфилов ауданында орнатқан, тауар сол жерден алғашқы өңдеуден өткізіліп, экспортқа жөнелтіледі. Ұзақ жыл тоқтап тұрған тұрған Ақсу қант зауыты іске қосылғаннан кейін оның жобалық қуаты 450 мың тонна қант қызылшасын өңдеуге жетіпті. Өткенде шикізат жетіспегендіктен, зауыт қамыс қантын өңдейтін желісін іске қосу жұмысына кіріскен. Осы орайда облыс әкімі қант қызылшасының алқабы бірте-бірте ұлғайтылатынын айтты: «Ең алдымен су мәселесін шешуіміз керек. Қазір суару каналдарын қайта жаңғыртып, қалпына келтіріп жатырмыз. Қант қызылшасын да, қант қамысын да қатар өңдейміз. Көксу қант зауыты соның арқасында жыл бойы үздіксіз жұмыс істеп тұр. Осындай жүйеге Ақсу зауыты да көшуі керек. Зауыт іргелі кәсіпорын ретінде қант қызылшасының сапасын көтеру ісіне белсене атсалысуы тиіс. Мемлекет тарапынан көмек бар. Қазір алқаптардағы жұмыстың басым бөлігі қол күшімен атқарылады, сондықтан ауыр еңбекті механикаландыруға назар аудару керек».

Суаруға қажетті су мәселесін шешуде Қызылағаш су қоймасының қалпына келтірілгені игі әсерін тигізбек. Су қоймасының толық сыйымдылығы — 42 млн текше метр. Мұнда қазір нысанның қауіпсіздігі мен шыдамдылығын тексеру процестері жүріп жатыр. Плотина 7 мыңға жуық гектар жерді суармалы сумен қамтуға кезең-кезеңімен кірісетін болады. Сонымен қатар Ақсу ауданында ирригациялық жүйелердің құрылысы мен қайта жаңғырту жұмыстары қатар жүріп жатыр. Бұл 12 мыңға жуық гектар суармалы жерді айналымға қосуға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде 15 шақырым желі тартылған, тағы 60 шақырымға жүргізіледі. Жалпы Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарындағы ирригациялық желілер мен су қоймаларын қалпына келтірудің арқасында айналымға 25 мың гектардан астам суармалы жер қосылады деп күтілуде.

(Өз тілшіміз)

Мерей

Сонау студент кезімізде ғана жолымыз тоғысқандықтан, бүгінгі белгілі тілші-ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ұлттық ғылым академиясының академигі Кәрімбек Құрманәлиевтің қандай бала болғанын білмейміз. Бірақ қазіргі тау қопаратын, егер қопаратын тау табыла қоймаса, алдынан шыққан көз-көлген төбені аударып тастайтын бөлек болмысына қарап, шамамен оның балалық шағындағы қимыл-қарекетін жобалау онша қиынға түсе қоймас. Біздіңше, ол жергеінде де тыныш жатпай, бесіктен қайта-қайта басын шығарып, шымылдықтан сығалап, басқа бесіктегі балалар не істеп жатыр екен деп мәлімет алғанша тағат таппай жыбырлап, үнемі қозғала беретін еті тірі елгезек әрі «гиперактивный» бөпе болған сияқты. Сан-мыңдаған өзге сәбиге «Жыламаған балаға емшек қайда?», – десек, бітімі басқа бұл балаға «Сұрамаған балаға емшек қайда?», – деген жарасатын секілді. Кішкентай Кәрімбек бала болып жылап көрген жоқ, яғни о бастан өз несібесін өзі тауып жеді. Қысқасы, қаршадайынан бөсекелестікке қабілетті бала болып өсті.

Біз КазГУ-ден қайта-қайта омакаса құлап, ит мініп, ирек камшылап жүргенде ол ын-шынсыз ғана Иниязға түсті. Сөйтіп, бөсекелестікке қабілетті бала енді үш тіл білетін үш тұғырлы студент атанды. «Бозбаласын саяси, Көзқарасын саяси, Орыныннан ақырын, Қозғаласың саяси» деп бір ақынның бір әріптесіне айтқаны секілді, біздің кейіпкеріміз де елдің қоғамдық-саяси өміріне ерте араласты. Тек ақырын жүрмейді, қозғалысына көз ілеспейді. Бүгінде баршаға белгілі «Том мен Джерридің» жылдамдығын да жолда қалдырады.

Сол жылдамдық оған өмір бойы серік болып келеді. Міне, қараңыз... Жиырма

Абай айтпақшы, өз әкесі Арыстанбектен кейінгі әкесі Шора Сәрыбаевтың, өз шешесі Төлбасыдан кейінгі шешесі Нұржамал Оралбаеваның мерейін үстем еткен ширақ шәкірт бар шәкірттің алды болды. Шора көкемнен ғылыми еңбек қорғаған он жеті ізденуші мен Нұржамал апамның қанатында болған жетпіс бес ұл-қыздың ішіндегі жалғыз академик әзірге осы. Сондықтан кейбір әріптестері айтып жүргендей, дериватологияның дарабозы дейміз бе, немесе сөзжасамның паровозы дейміз бе, білмейміз ғой, әйтеуір, бірақ нақ осы ұғымдар оның үнемі бұзып-жарып жүретін бөлектеу болмысына шынында да деп келе ме деп қалам.



АЛҒЫР АЛПЫС (немесе ғылыми емес баяндама)

жасында жанығып үйленіп, жиырма бір жасында ұлды болды, қырық үш жасында немерелі болды. Енді қазір атасы мен әжесіне күніге бір қыз әкеп таныстырып жүрген тұңғыш немере солардың біреуіне токтаса, ұзамай шөберелі де боп қалар. Жиырма төрт жасында өзі бітірген оқу орнының кәсіподақ комитетінің төрағалығына әрі институттың әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректорлығына жоғарылады. Одан соң басшылық қызметтегі Оңтүстіктің қазақтарына жайсыз тиген желтоқсанның желі оны жақсылап бір басынан асыра үйіріп-үйіріп алды да, іргедегі ЖенПИ-ге қарай лақтырды. Қалай лақтырса да майып болмай, бұл жерге де мысық секілді аяғымен түсті. Есебі жоқ қыз-қырқынның ортасы өзіне әбден ұнаған болуы керек, сол жүргеннен осы оқу орнында бақандай он үш жыл аялдады. Жай жүрген жоқ, тіл ғылымына түрен салды. Ғылымды айтасын, біз «Жас алашта» ақпараттың ақ қарында омбылап жүргенде, ол Омбы қазақтарының тілін зерттеп, жолындағы кедергінің бәрін бомбылап жүрді.

Жас кезінде тұрған жатақханасының атына дейін позитив еді. «Көктем» деп аталады. Күз бен қыс дегенді білмейді ол. Көктем мен жаз болса, болды оған. Жатақханада жай тұрған жоқ, алдымен үйіндегі кісіні сол «Көктемнің» коменданты етіп қойып, өзі де сол коменданттың маңайынан жайлы пана тапты.

Байлап қойсаң тұрмайтын сондай бір тынымсыз бала болды өзі. Отыздан аса бере Жоғары аттестациялық комиссия бекіткен



профессор куәлігін қалтасына салды. Оны ет қызуымен докторлық қорғамай тұрып-ақ иеленіп алды. Одан соң Еренғайып Омаровпен бірлесіп, «Қайнар» университетінің қазығын қақты. Мемлекеттік қызметтің мәртебесін көтерді. Әйтеуір, жан-жағынның бәрі жаратылысы қой деп, Жаратылыстану ғылым академиясының жұмысын өрге бастырды. Батыс Сібір қазақтарының тілінен кандидаттық, сөзжасам мәселелерінен докторлық қорғалды. «Атадан алтау, анадан төртеу, Жалғыздық көрер жерім жоқ», – деп

Мән бөлек бұл алпысқа келудегі, Қадамың құтты болсын ЕНУ-дегі! Қазақ қалжыңының атасы Қалтай ағамыз қолынан іс келетін, мүмкіндікті мүлт жібермейтін мықтыларды «Найзағайға нан пісіріп алатын жігіттер» деп сипаттайтын еді. Ауызы дуалы, сөзі уәлі Қалекен айтқандай, төбенде жарқ-жүрқ еткен найзағайларын көп болсын, оған пісіріп алатын нан-паның да мол болсын, Кәрімбек!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

Дені саудың – жаны сау

Соңғы кезде дұрыс тамақтанбаудың салдарынан түрлі аурулардың көбейіп кеткендігі туралы көп айтылады. Шынында да, қазақтың «Ас – адамның арқауы», «Ас тұрған жерде ауру тұрмайды» деген нақылы ұмыт қалғандай.

Бүгінде шамадан тыс, ағзаға зиян тағамдарды ішудің салдары біліне бастады. Семіздікке шалдыққандардың (соның ішінде балалардың) саны жыл сайын артып келеді. Осы мәселенің ішкі жағына үнілсеңіз, жағдай көңіл көншітерлік емес.

«ҚАЗАҚТАР ЖҰҚПАЛЫ АУРУМЕН АУЫРМАҒАН»



Иммунитеті төмен, жұқпалы ауруларға төтеп бере алмайтын, түрлі науқастармен ауыратындар көбейді. Дұрыс тамақтану арқылы аурудың алдын алуға болатынын біліп, денсаулығын күткен ата-бабаларымыз ұзақ жасаған. Тарихқа үнілсек, орыстың белгілі тарихшысы А.Левшин өзінің зерттеуінде «... қазақтардың арасында жасы ұлғайған, сексеннен асқандар өте көп. Қазақтар ешқашан жұқпалы аурулармен ауырмайды», –

сүтті тіршілік арқауы, денсаулыққа тигізер пайдасы мол деп санаған. Бүгінде дүкендегі сүт, айранға күмәнмен қарайтындарымыз да жоқ емес. Десек те, сүт өнімдерінің пайдасын ешкім жокқа шығармайды. Осы орайда жылқы сүті туралы айтудың өзі артық. Ал қой сүтіне келетін болсақ, бабаларымыз «Қойдың сүті – қорғасын» дейтін. Қой сүтінің ағзаға ауыр болатынын білген халқымыз одан көбінесе қатық, айран, шалап дайындаған. Ешкі сүтінің де пайдасын жақсы білген.

Ел басына күн туғанда тығырықтан шығар жолды тандау басты мақсатқа айналған тұста жай ғана ас ішу ғана емес, оның құнарлы болуына назар аударған. Тарихтағы кәсіретті «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдары, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісті аяусыз басу-жаншу зардаптарынан босқын ретінде көрші елдерге ауа көшкен қазақтар жол-жөнекей аштан қырылмас үшін, табиғи өнімдерді пайдаланған. Босқындар қайың ағашының шырынын ішіп, аман қалған. Осы



деп жазған. Шындығында, солай болған. Оның себебі ата-бабаларымыз пайдалы ас ішуге ерекше мән берген. Ол туралы жазба деректер де жеткілікті. Мәселен, қазақтың оқымысты азаматы Б.Дауылбаев қазақ халқының тамақтану мәдениеті турасындағы дәйектер келтіріп, былай деп жазған: «Жабайы өсімдіктерден азық ретінде тамаққа мыналарды қолданған: тау-жуа, қырлы-жуа, құс-жуа, қой-жуа, айғыр-жуа, ит-жуа, су-жуа, сарымсақ-жуа». Сонымен қатар жеміс-жидек жеп, солар арқылы қажетті дәрумендерді алып отырған. Б.Дауылбаевтың «Жидектен тек қана үш түрін: ағаш-шие, желек және қойбүлдірген. Жемістен: бөтпанахак, бұл төбе аралығындағы сазда өседі: аттық ормандарда өсетіні сөбізге ұқсайды; бие-емшекші, құғы қамыстың түбірі, оның әр түрлі қыры болады, борық, қамыстың түбірі; мия түлкі шөбі; қымыздық-қышқыл шөп, балдырғанның сабағы мен жемісі» дегені – сөзіміздің дәлелі. Танқурай, қойбүлдірген, сиыр бүлдірген, жабайы алма, өрік тәрізді далала өсетін көптеген жемістерді жейтін. Қазіргі заманда үгітілген, өңдеуден өткізілген дәндердің нәрінен гөрі зияны басым екенін де біле бермейміз. Оларды бүтіндей жеу қажет екенін Ұлттық тағамтану мамандары айтудай-ақ айтты. Талай рет жазды. Алайда көбіміз құлақ аспаймыз. Ал біздің бабаларымыз бидайды, тарыны көбінесе қайнатып немесе қуырылған дәнді бықтырып,

туралы Алаш арысы Мұхамеджан Тынышбаев өзінің еңбектерінде мұндай оқиғаны «қайың сауған» деп атап, оның мәнісін түсіндірген. Босқындар далала өскен картоп тұқымдас жаужұмырды, пиязға ұқсас алғырды, қозықұйрықты қорек етіп, жан сақтаған. «Білген аламға даланың өзі – азық» деп бекер айтылмаса керек.

Әлемге төнген тәжтажалдан ұжымдық иммунитет қалыптастыру арқылы арылғандаймыз. Дегенмен ұлтымыздың денсаулығына, балаларымыздың болашағына алаңдасақ, дұрыс тамақтануды заманауи тренд ретінде емес, салауатты өмір салтына айналдыруымыз қажет. Қаладағы қаптаған ылдым-жылдым дайындалатын тағамдардан бас тартып, ағзаға пайдалы тағамдарды тұтынғанымыз дұрыс. Төл тарихымыздағы кез келген жағдайға қатысты даналық пен тәжірибеге назар аударып, оның жағымды тұстарын ұтымды пайдаланғанымыз абзал. «Дені саудың – жаны сау» дегенді бір сөт те естен шығармасақ, денсаулығы мықты, қайратты, ойы терең ұрпақты тәрбиелеп, өсіретініміз хақ.

Оразгүл МҰХАТОВА,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор, Ш.Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
бас ғылыми қызметкері



Jas qazaq gazeti men Chevron
компаниясының бірлескен жобасы



БӘРІНЕ ОРТАҚ ЖУРНАЛИСТИКА



Олар бізге шуақ сыйлады

Өткен жылы қаламызда тұңғыш рет ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында «Төң қоғам» әлеуметтік қолдау орталығы ашылған болатын. Аталған орталықта мүмкіндігі шектеулі жандарға төрт бағыт бойынша мамандар тегін қызмет көрсетіп, біз секілді жандарға уақытын тиімді өткізуге көңіл толарлықтай жағдай жасалды.

Мен бұл орталыққа ашылғалы келіп жүрмін. Орталық екінші үйімдей боп кетті. Орталық қызметкерлерінің әр мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мейірімділігі ерекше, тұнып тұрған мотивация десем артық айтқаным емес. Бүгін осы екінші отбасыма айналып кеткен сүйікті орталығымның ашылғанына бір жыл толып отыр.

Орталыққа келгелі түрлі ән байқауларына, спорт жарыстарына қатысып, бойымдағы өнерімді одан әрі шыңдап, талай додаларда топ жарып, үздіктер қатарынан көрінуге мүмкіндік алдым. Аптасына үш рет осында



жиналып, қыздармен колөнермен айналысамыз. Бүгінгі күні осы орталықта кәсіптік практикадан өтудемін. Осындай мүмкіндіктерге себепкер болған орталыққа, оның басшысы мен қызметкерлеріне айтар алғысым шексіз.

Орталыққа демеушілер де, атымтай-жомарт азаматтар да келіп, тұрақты мүшелеріне демеу жасап жүреді. Жуырда сондай игілікті шараның бірі өтті. «Төң қоғам» әлеуметтік қолдау орталығына Нұргүл Ашықова бастаған Орал қалалық мәслихатының депутаттары Светлана Бахешева, Валерий Власов, Алпамыс Камалов, Жанна Кенжина, Валерий Крылов арнайы келіп, орталықтың тұрақты келушісі Михаил Аманқұловқа уәде еткен қаржыны тапсырды.

Осыған дейін орталықта халық қалаулыларымен өткен шарада I топтағы мүмкіндігі шектеулі жан Михаил Аманқұловтың қоларбасының қуаты өшіп, қиналып қалғанын айтып, қуаттағыш алуға көмек сұраған еді. Бүгін тілегі орындалған ол халық қалаулыларына жүректен шыққан өз алғысын жеткізді.

Жанерке ТӨЛЕГЕН,
*I топтағы мүмкіндігі шектеулі жан,
Орал қаласы*

Әріптесіміз, журналист Ерлан Әбдірұлына аяулы анасы

ЖҰМАКҮЛДІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз.

Jas qazaq газетінің ұжымы

БАЛА БЕЙНЕ

Есіміден кетпей мәңгі жадымызда сақталатын тәтті сәттер деп балалық шақты айтар едім. Айтпақшы, алдымен өзімді таныстырып өтейін. Мен, Алтай Батырбекұлы, 1978 жылы 11 ақпанда Түркістан облысы Түлкібас ауданы Кемербастау ауылында дүниеге келдім. Бала күнгі бал күндерім осы ауылда өтті. Бала күнімде ата-анамның тапсырып кеткен жұмысын орындамай, талай таяқ жеген кездерім болды. Кішкентайымнан шетелдік киноларға еліктеп өстік. Ол кезде шетелдік кинолар аз көрсетілетін. Әлі есімде, «Робин Гуд» фильмі



жұмысымызды Ақтөбеде қорғап, сол жерде жұмыс істеуге қалдық. Бірақ ол жакта бізге берілетін үй де өз кезегінде берілмейтін болды. Сұлтанғали ағамыз «Сендерге жағдай жасалмайтын болса, мен сендерді далаға тастап кете алмаймын» деп бәрімізді «Қуыршақ» театрына алып келді. Содан бері осы киелі шаңырақта қызмет етемін. Бүгінде театр мен кино саласын қатар алып жүрмін. Түсірілім барысында көптеген қызықты сәттер болады. Соның бірін сіздерге айтып берейін. Бірде танымал режиссер киносына түсуге шақырды. Ондағы рөл маскүнемнің образын сомдау екен. Өзімді жана бір қырымнан көрейін деп келісім бердім. Түсірілім Қаскелеңде болды. Мәтінді алдым, жаттап, алдын ала дайындалып отырмын. Образды аша

Қағазды сияға малып, қыздарды атқыладым

шыққанда қатарластармен киноның қызықты жерлерін келтіріп ойнайтынбыз. Біздің бала кезіміздегі қызықты ойындар қылыштасу, садақ ату болатын. Өзіміздің ұлттық ойындарды да ойнап өстік. Әсіресе, асық ату, көкпар ойыны біздің қалт жібермейтін ермегіміз еді. Көкпарды біз есекке мініп тартатынбыз. Сосын есек жарысын ұйымдастырамыз.

Мектепте оқыған кезімді өз алдына бір өңгіме. Бір күні сабақта отырып қыздардың қаламсабын жинап алдым да ішіндегі сиясын қағазға төгіп қойдым. Қағазды сияға малып қыздарды атқыладым. Сыныптас бір қызды дөлдеп тұрып атып едім, қағаз ұшып барып бетіне былш ете қалды. Ол кезде қыздар ақ фартук киетін. Бетінен аққан сия фартугын былғады. Қорыққанымнан мектептің артындағы дәретханаға барып тығылып отырмын. Әкем мектептің директоры болатын. Сыныптасымды сиямен атқанымды біліп қойып, әкемнен қатты таяқ жегенім бар. Кейін бірнеше жыл өткеннен кейін сыныптастармен кездесуде осы сәтті еске алып, бір күліп алдык. Ал әлгі қыз фартугын үш күн бойы суға салып қойса да сияны кетіре алмай, ақыры жанасын сатып алғанын айтты.

Әкем менің полиция қызметкері болғанымды қалады, мектеп бітіргеннен кейін полиция академиясына тапсырамын деп ойладым. Сөйтсек, ол үшін бір жыл бұрын жолдама алып,

емтихан тапсыру керек екен. Ал мен оған үлгермей қалып, келесі жаңа оқу жылына дайындалдым. Бірақ полиция академиясына түсуге екі балл жетпей қалды. Сол аралықта бүкіл Қазақстанға танымал актер Тұңғышбай Жаманқұлов ауылға келіп, ауыл жұртымен кездесті. Теледидардан көрген бір бөлек, жүзбе-жүз кездескен бір бөлек қой. Ол кісімен кездесу ерекше әсер қалдырды. Содан 1996 жылы Өнер академиясына Мұрат Әбділбаевтың мектебіне оқуға түстім. 2000 жылы оқуды бітіріп, содан бері, міне, 22 жыл болыпты, актер мамандығы бойынша жұмыс істеп келемін. Біз



бітірген жылы бір курсты жолдамамен әр аймаққа жіберетін. Біздің курс түгелімен Сұлтанғали Шүкіров ағайымыздың бастамасымен Ақтөбеге келдік. Диплом

түсейін деп бір нәскиіме балағымды салып, бірін шығарып, шашымды ұйпалап, «не істесем екен» деп ойланып отырмын. Түсірілім болатын жерден біраз алысқа кетіп қалдым. Алқаш адамның образына әбден кіріп, қисаландап түсірілім алаңына келсем, сондағы жігіттің бірі алдымнан жүгіріп шығып:

— Аға, мұнда кіруге болмайды, түсірілім жүріп жатыр, — дейді жалынған кейіппен.

— Е, маған бәрібір, — деп алқаш адамның образына кіріп алғанмын.

— Аға, болмайды енді, кетіңізші, — дейді әлгі жігіт

— Кет өзін, — деп дес бермеймін. Итерсе де кетпеймін.

Осы сәтте кастинг директоры жанымызға келіп қарап тұр екен. Оған үндеме дегендей ишара жасадым да, әрі қарай жігіттің мазасын алдым. Ол болса ашуланып, «қазір сізді ұрып жіберемін» дейді. Бір жағынан күлкім келіп тұр. Кастинг директоры шыдамады-ау деймін, «бұл біздің актер ғой» деп шындықты айта салды. Бәріміз ду күлдік. Одан кейін түсірілім басталды. Дубль басталған кезде әлгі жігіт алдымнан шыға қалды, жарық түсіруші екен. Ол жігітке қараймын да күліп жіберемін. Бірнеше дубль болды. Бір кезде режиссерге әлгі жігітті ауыстыршы деп өтініш айттым. Содан кейін рөлімді ойнап шықтым. Әкем армандағандай полиция қызметкері болсам да, кейінгі кезде кинодағы рөлдерімнің біразында тәртіп сақшысын ойнадым. Әр рөлге мұқият дайындалып, образды ашу үшін көп ізденемін.

Жазып алған
Ақниет ЖҮНІСБЕКОВА

Бедуин

МЫСАЛ: Ертедегі бедуиндер қыстауға ұшып келетін сұңқарларды ұстап алып, оларды дуалақ пен коян аулауға баулиды.

Тіл шұбарлау бар. *Бедуин* — орысша айтылым, қазақ тілінде әуелден мұны *бадауи* деп айтады, солай жазады.

ДҰРЫСЫ: бәдәуилер.

Бекзада өнер

МЫСАЛ: Осы бекзада өнерге жан бітіреміз деп жүгіріп жүрген адамдар бар.

Бекзада — адамға арналған сипат. Тілімізде осы сөзбен өрістес «бекзат» сөзі бар. Бұл сөз зат



есімдерге анықтауыш ретінде қолданыла береді. Өнердің тектілігін көрсету үшін *бекзада* сөзінің орнына бекзат сөзін қолданған дұрыс.

ДҰРЫСЫ: бекзат өнер.

Бетке басар

МЫСАЛ: Қазақ халқының бетке басар байлығы, алтын тамыры екені анық.

Тұрақты тіркес дұрыс қолданылмаған. *Бетке басу* тіркесі мінің, кемшілігін айту мағынасында қолданылады.

ДҰРЫСЫ: бұл сөйлемде *бетке ұстар* тіркесі қолданылуы керек.

«СӨЗТҮЗЕР».
Қате қолданыстар сөздігінен

Бас редактор — директор
Срайыл Махатұлы СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Қуаныш НҰРДАНБЕКҰЛЫ жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Гүлнар АХМЕТОВА — экономика, нарық

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Мерген ТОҚСАНБАЙ—
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 701 312 39 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Нұргүл НАСЫР — Атырау облысы
(8 702 959 80 08)

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ —
Шымкент қаласы (8 776 238 55 94)

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Меншік иесі:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары

Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54. Тапсырыс — №1084;
Бағасы келісім бойынша

Таралымы — 5000 дана

*Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «AirAstana» әуекомпаниясы ұшақтарында бар.*

Jas qazaq газеті «Қараан», «Хорошие новости плюс» және КОК TENGRI дүңгіршіктерінде сатылады

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2021 жылдың 03 маусымында ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ68VPY00036247 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.